

Қазақстан Республикасы ІІМ  
Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы

**ІІО қызметкерлерімен жасалған  
азаптауларды тергеп-тексеру әдістемесі**

*Оқу-практикалық құрал*

**Методика расследования пыток,  
совершенных сотрудниками ОВД**

*Учебно-практическое пособие*

Қарағанды 2016

**УДК 343(075.8)**  
**ББК 65.408я73**  
**Ж 22**

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы Ғылыми кенесінің шешімімен басылады.

Рецензентер:

заң ғылымдарының кандидаты **Т.Б. Мұқашев**;

заң ғылымдарының кандидаты **А.К. Қалиев**;

заң ғылымдарының кандидаты, доцент **М.Б. Рыбчак**.

**Ж 22** Жакулин А.Б., Еленюк А.Г., Шакенов А.О. ІІО қызметкерлерімен жасалған азаптауларды тергеп-тексеру әдістемесі: Оқу-практикалық құрал // Методика расследования пыток, совершенных сотрудниками ОВД: Учебно-практическое пособие / Под ред. **Д.Т. Кенжетасва**. – Қарағанда: Қарағандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2016. – 103 с.

ISBN 978-601-7264-65-9

Оқу құралында ІІО қызметкерлерімен жасалған азаптаулардың криминалистикалық сипаттамасының түсінігі, құрылымы және мазмұны, сондай-ақ осындай санаттағы істер бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің тактикасы және тергеп-тексерудің кезеңдері қарастырылған.

Оқу құралы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған, сондай-ақ оқу және ғылыми мақсатта білім алушылармен, заң жоғары оқу орнындағы оқытушылармен және ғылыми қызметкерлермен қолданылуы мүмкін.

В пособии рассмотрены понятие, структура и содержание криминалистической характеристики, а также этапы расследования и тактика следственных действий по делам о пытках, совершенных сотрудниками ОВД

Пособие предназначено для сотрудников правоохранительных органов РК а также может применяться в учебных и научных целях обучающимися, преподавателями юридических вузов и научными сотрудниками.

УДК 343(075.8)

ББК 65.408я73

ISBN 978-601-7264-65-9

© Коллектив авторов

## Мазмұны

Кіріспе.....	4
1. ПО қызметкерлерімен жасалған азаптаулардың криминалистикалық сипаттамасының түсінігі, құрылымы және мазмұны.....	6
1.1. Бастапқы ақпараттың сипаттамасы.....	12
1.2. Қылмысты жасау жағдайының сипаттамасы.....	15
1.3. Қылмысты жасау және жасыру тәсілдері туралы мәліметтер.....	18
1.4. Қылмыстық іс-әрекеттің әдепкі іздері және басқа да материалдық зардаптары.....	22
1.5. Анықтауға жататын негізгі жағдаяттар.....	25
2. ПО қызметкерлерімен жасалған азаптау істері бойынша тергеп-тексерудің кезеңдері және тергеу әрекеттерінің тактикасы.....	29
2.1. Әдепкі тергеулік ситуациялар, жоспарлау және болжам құру.....	29
2.2. Азаптауларды тергеп-тексерудің әдепкі бағдарламалары (алгоритмдері).....	33
2.3. ПО қызметкерлерімен жасалған азаптау істері бойынша тергеп-тексеру кезіндегі тергеу әрекеттерінің тактикасы.....	38
Қорытынды.....	48

## Содержание

Введение.....	50
1. Понятие, структура и содержание криминалистической характеристики по делам о пытках, совершенных сотрудниками ОВД.....	52
1.1. Характеристика исходной информации.....	58
1.2. Характеристика обстановки совершения преступления.....	62
1.3. Данные о способах совершения и сокрытия преступления.....	64
1.4. Типичные следы и другие материальные последствия преступных действий.....	70
1.5. Основные обстоятельства, подлежащие установлению.....	73
2. Этапы расследования и тактика следственных действий по делам о пытках, совершенных сотрудниками ОВД.....	77
2.1. Типичные следственные ситуации, планирование и выдвижение версий.....	77
2.2. Типовые программы (алгоритмы) расследования пыток.....	82
2.3. Тактика следственных действий при расследовании по делам о пытках, совершенных сотрудниками ОВД.....	87
Заключение.....	99
Қолданылған және қосымша қайнар көздердің тізімі.....	100

## КІРІСПЕ

Біздің еліміздегі мемлекеттік аппараттың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген қағидалардың негізінде құрылған. Мемлекетіміздің негізгі заңы барлық мемлекеттік органдар мен лауазымдарға жоғары талап қойып, оларды заңдылықты сақтай отырып қоғамдық тәртіп пен мүдделерді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері заңдылық қағидатын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын бұлжытпай орындау керек және Қазақстан Республикасының заңдарына, Президент актілеріне және басқа да нормативтік құқықтық актілерге қатаң бағына азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтап, қорғауды қамтамасыз етіп, олардың бұзылуына жол бермеу керек<sup>1</sup>.

Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру бойынша өз міндеттерін нәтижелі іске асыруда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін тұлғаға үлкен өкілеттілік берілген. Бірақта заң берілген құқықтар мен билік тек қызмет және заңдылықты нығайту мүддесінде ғана қолданылған талап етеді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен қолданылатын азаптаулар және қатыгездікті құқық қолдану практикасындағы күрделі мәселелердің бірі деп есептеуге болады. Тергеуші және анықтама жүргізуші тұлға, басқа лауазым немесе оның азғыруымен не үнсіз келісуі арқылы басқа адам тарапынан азапталушыдан не басқа адамнан мағұлмат алу немесе кінәсін мойындату мақсатында қасақана тәндік және (немесе) психикалық азап келітірілгенде, осы және басқа да кемсітушілікке негізделген іс-қимылдар үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмысын жақсартудағы қажеттілік заң ғылымдарының алдын тұрған мәселелерге тікелей байланысты. Осыдан азаптаулардың алдын алып, оларды ашу және тергеп-тексеруді қамтамасыз етуші теориялық және практикалық сұрақтарды зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Оқу құралында ПО қызметкерлерімен жасалған азаптаулардың криминалистикалық сипаттамасының түсінігі, құрылымы және мазмұны, сондай-ақ осындай санаттағы істер бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің тактикасы және тергеп-тексерудің кезеңдері қарастырылған.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерінің ар-намыс кодексі (Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерінің қызметтік этика Ережелері).

Оқу құралы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған, сондай-ақ оқу және ғылыми мақсатта білім алушылармен, заң жоғары оқу орнындағы оқытушылармен және ғылыми қызметкерлермен қолданылуы мүмкін.

# 1. ІІО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ЖАСАЛҒАН АЗАПТАУЛАРДЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Жекелеген қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі өзінің ұсынымдары арқылы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамдарға (ары қарай тергеушілерге) нақты қылмыстық әрекеттерді ашу, тергеу және олардың алдын алуда тиімді көмек көрсету керек.

Қылмыстық-процестік заң барлық қылмыстық процеске қатысушылар үшін міндетті тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы тәртібін анықтаса, осы заңның негізінде криминалистика ең ұтымды тактикалық тәсілдерді өндеп шығарады. Сонымен қатар криминалистика жекелеген қылмыс түрлерін тергеу ерекшеліктерін ескере отырып, криминалистикалық ғылым мен құқық қолдану практикасының кейінгі жетістіктерін өзіне жинақтаған жеке криминалистикалық әдістемелердің құрылымдық кешенін қалыптастырады. Сондықтан да жеке әдістемелердің жиынтығы криминалистика ғылымының бір тарауы ретіндегі криминалистикалық әдістемені құрастырып, оған осы әдістемелердің бейімделуіне негіз болатын ғылыми ережелердің азғана жүйесі енеді. Өзінің іске асырылған күйінде жоғарыда көрсетілген нәтиже әдістемеде әртүрлі деңгейде жинақталған криминалистикалық ұсыныстар түрінде байқалады. Тергеуді ұйымдастырып-жүргізуге бағытталған бұл криминалистикалық ұсыныстар әдепкі жағдайда қолайлы криминалистикалық техника және тактика әдіс-құралдарын қолданумен, жұмысты ғылыми тұрғыда және білімнің басқа да салаларынан мағұлматтарды қолдана отырып ұйымдастыру және басқарумен көзге түседі.

Жеке криминалистикалық әдістемелердің құрылымы мен мазмұны туралы ой-пікір әрине, криминалистикалық ғылымның тарауы болып табылатын криминалистикалық әдістеме жайлы жалпы ұғымнан өрбитіні сөзсіз.

Мазмұны бойынша жеке әдістемелер жекелеген қылмыс түрлерін тергеу шарттарын және тәртібін суреттеумен байқалады. Осыған орай А. Н. Колесниченконың көзқарасымен келісуге болады. Оның айтуы бойынша қандай да бір қылмыс түрін тергеудің әрбір әдістемесі өзінің мазмұнында осы қылмыстарды тергеудің ерекшелігін көрсетеді<sup>2</sup>. Осы ойды қолдаған И. Ф. Пантелеевтің ойынша, қылмыстарды тергеудің криминалистикалық әдістемесі нақты қылмыс түрлерін тергеу бойынша

---

<sup>2</sup> *Колесниченко А.Н.* Общие положения методики расследования отдельных видов преступления. – Харьков, 1965. – 34-б.

заңға негізделген криминалистикалық ұсыныстардан тұрады. Әрбір қылмыс түрі өзінің тергеу ерекшеліктерімен сипатталады. Сондықтан да жеке әдістемелердің негізгі міндеті жоғарыда аталған ерекшеліктерді қылмыстардың жекелеген түрлеріне қатысты ашып көрсету және ғылыми тұрғыда дәлелдеу<sup>3</sup>. Қылмыстарды тергеудің жеке әдістемелері өзінің нұсқасына қарай, әрі мазмұнына қарай әртүрлі болып келеді. Жеке әдістемелік криминалистикалық ұсыныстардың дұрыс қолданылуы оның ең тиімді құрылымын анықтауға байланысты болады. Теориялық тұрғыдан көп жылдар бойы ең аз көңіл бөлінген криминалистиканың таруы криминалистикалық әдістемеге қазіргі кезде қызығушылық артып отыр.

Осылайша, Р. С. Белкиннің айтуы бойынша, жеке криминалистикалық әдістемелердің құрылымын бірегейлендіруге талпыныс жасағандардың қатарында А. И. Винберг және Б. М. Шавер бар<sup>4</sup>. Олардың ойынша жеке әдістемелердің құрылымында төмендегідей элементтер орын алу керек:

- 1) тергеудің негізгі ерекшеліктері;
- 2) тергеушінің бастапқы әрекеттері;
- 3) анықтауға және зерттеуге жататын негізгі сұрақтар;
- 4) дәлелдемелерді табу, зерттеу және бекітудің негізгі тәсілдері;
- 5) қылмыс қозғамын анықтау;
- 6) қылмыс жасауға итермелеген себептер мен жағдайлар<sup>5</sup>.

Кейіннен жеке криминалистикалық әдістемелердің құрылымы бірегейлендіріліп, мынадай түрді иеленді:

- 1) тергеу міндеттері;
- 2) тергеушінің бастапқы кідірілмес іс-әрекеттері;
- 3) анықтауға және зерттеуге жататын жағдайлар;
- 4) дәлелдемелерді табу және бекітудің негізгі әдіс-тәсілдері;
- 5) осы қылмыс түрін жасауға итермелеген жағдайларды айқындау<sup>6</sup>.

Жылдар бойы қылмыстың бөлек түрлерін тергеудің жеке әдістемесінің құрылымы туралы көзқарастар мен ой-пікірлер туындап отырды.

Жетпісінші жылдың орта ширегінен бастап жеке әдістеме құрылымын суреттеу кезінде қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы деген түсінік жиі қолданыла бастады. Осылайша, А. Н. Васильевтің ойынша, жеке әдістеме құрылымына мыналар енеді: осы қылмыс түрінің

---

<sup>3</sup> *Пантелеев И. Ф.* Методика расследования преступлений. – М.: Изд-во Всесоюз. юрид. заоч. ин-та, 1975. – 4-б.

<sup>4</sup> *Белкин Р. С.* Курс криминалистики: Учеб. пос. для вузов. 3-е изд., дополненное. – М.: Закон и право, ЮНИТИ-ДАНА, 2001.

<sup>5</sup> *Винберг А. И., Шавер Б. М.* Криминалистика. 2-е изд. – М., 1945; 3-е изд. – М., 1949.

<sup>6</sup> Криминалистика. – М., 1952. – Ч. 2.

криминалистикалық сипаттамасы; тергеушінің бастапқы және басқа да іс-әрекеттері; ары қарай тергеу жүйесі; тактикалық тәсілдер мен ғылыми-техникалық құралдарды қолдану ерекшеліктері<sup>7</sup>. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын жеке әдістеме құрылымының элементі ретінде В. Г. Танасевич<sup>8</sup>, И. А. Возгрин<sup>9</sup>, И. Ф. Герасимов<sup>10</sup>, В. А. Образцов<sup>11</sup> және басқа да криминалистер қарастырса да, криминалистикалық сипаттамаға қатысты біркелкі ой әлі де қалыптаспаған.

Жеке криминалистикалық әдістемелер құраушы криминалистикалық ұсыныстар кешенінің құрылымы туралы мәселенің оңтайлы шешімін табу үшін осы кешендерден қосалқы жүйелер ажыратылатын ережелердің туралығына алдын ала баға беру жөн. Ол өз алдына криминалистикалық сипаттама мен криминалистикалық жіктеме, тергеу процесінің бағытын, затын және кезеңге бөлінуін анықтау сияқты мәселелерді қарастыруды талап етеді.

Осы сұраққа терең зерттеу жүргізе келе, Р. С. Белкин қылмысты тергеу әдістемесінің негізгі құрылымдық элементтері ретінде мыналарды ұсынды:

- 1) қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы;
- 2) тергеудің бағытын және жоспарлау ерекшеліктерін анықтау;
- 3) бастапқы тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын суреттеу;
- 4) келесі тергеу әрекеттерінің әдепкі шеңберін және оның ерекшеліктерін мазмұндау<sup>12</sup>.

Біздің ойымызша, аталған проблеманы зерттеу нәтижесінде жеке криминалистикалық әдістемелік ұсыныстардың әртүрлілігі олардың құрылымдарының сан алуан болуына себепші екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Әдепкі жеке әдістемелердің жалпы түзілісінің негізінде ПО қызметкерлерімен жасалған азаптаулар туралы істерді тергеудің

---

<sup>7</sup> **Васильев А.Н.** О криминалистической классификации преступлений // Методика расследования преступления. – М., 1976. – 26-б.

<sup>8</sup> **Танасевич В.Г.** Проблемы методики раскрытия и расследования преступлений // Советская криминалистика: Теоретические проблемы. – М.: Юрид. лит., 1978. 171-б.

<sup>9</sup> **Возгрин И.А.** Научные основы криминалистической методики расследования преступлений: Курс лекций. – СПб.: Изд-во СПб. юрид. ин-та МВД России, 1992. – Ч. 1. – 61-б.

<sup>10</sup> Криминалистика / Под ред. И.Ф. Герасимова, Л.Я. Драпкина. – М., 1994. – 328-б.

<sup>11</sup> Криминалистика. – М., 1995. – 378-б.

<sup>12</sup> **Белкин Р.С.** Курс советской криминалистики. – М.: Изд-во Академии МВД СССР, 1979. – Т. 3. 176-214-б.



криминалистикалық әдістемесі құрастырылып, онда төмендегідей компоненттер орын алған:

1) ПО қызметкерлерімен жасалған азаптаудың криминалистикалық сипаттамасы;

2) ПО қызметкерлерімен жасалған азаптаулар туралы істерді тергеу бағдарламасы (алгоритмдер);

3) ПО қызметкерлерімен жасалған азаптаулар туралы істерді тергеу кезіндегі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

Біздің ойымызша, криминалистикалық әдістемелік ғылыми білімдерді қолдану тиімділігін арттыру рөлі тек тергеудің жеке әдістемелерінің құрылымына ғана тиесілі емес, сонымен қатар оларды тергеушімен қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу кезінде қолдана білу процесін жетілдіруге тиесілі екендігі анық.

Жекелеген қылмыс түрлерін тергеу әдістемесіндегі криминалистикалық сипаттаманың түсінігі, құрылымы және мазмұнына қатысты көзқарастардың әртүрлі болғандығына қарамастан, көптеген ғалым-криминалистер криминалистикалық сипаттаманы жеке әдістемелердің құрылымдық элементі ретінде қарастыруы өте орынды<sup>13</sup>.

Алайда, бірқатар ғалымдардың ойынша қылмыстардың бөлек түрлерін тергеу бойынша әдістемелік ұсыныстарын қылмыстық-құқықтық мінездеме немесе дәлелдеуге жататын жағдайлардың қылмыстық-процестік түсінігі негізінде дайындау қажет, ал криминалистикалық сипаттама олармен тергеудің жеке әдістемелерінің құрылымына мүлдем енгізілмей отыр<sup>14</sup>. Басқа авторлар, қылмыстардың бөлек түрлерін тергеу әдістемесін дайындау кезінде криминалистикалық сипаттаманың маңыздылығын мойындай отырып, керісінше, қылмыстық-құқықтық мінездеменің маңыздылығын төмендеткен. Олардың ойынша, қылмысты тергеу әдістемесі құқық бұзушылықтарды саралау негізінен туындамау керек, ол қылмысты әшкерелеу үшін маңызы бар криминалистикалық мінездемеге негізделу керек<sup>15</sup>. Айта кететін бір жайт, осы күнге дейін әлі қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының бар екендігіне қатысты бірыңғай көзқарас тұрақтанбаған.

---

<sup>13</sup> **Митричев С.П.** Методика расследования отдельных видов преступлений. – М., 1973. – 13-15-б.

<sup>14</sup> **Мирский Д.Я.** Некоторые вопросы методики расследования отдельных видов преступлений в свете ленинского принципа неотвратимости наказания // Ленинский принцип неотвратимости наказания и задачи советской криминалистики. – Свердловск, 1972. – 41-42-б.

<sup>15</sup> **Образцов В.А.** К вопросу о методике раскрытия преступлений // Вопросы борьбы с преступностью. – М., 1977. – Вып. 27. – 106-107-б.

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының мазмұны мен мағынасына қатысты бірыңғай көзқарастардың болмауы осы түсініктің күрделілігіне және теориялық тұрғыдан жеткіліксіз деңгейде өңделмегендігін байқатады. Сондықтан да қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының түсінігі бүгінгі таңда белсенді зерделенуде.

Қолданыстағы концепцияларды жинақтап, И. А. Возгриннің қисынды пікіріне көз жүгіртетін болсақ, оның ойынша қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы ол шын мәніндегі деректердің жинақталған жүйесі және оларды негізге ала отырып ең әдепкі криминалистикалық тұрғыдан маңызды қылмыстық іс-әрекеттер жайлы ғылыми тұжырымдар және ұсынымдар. Бұл тұжырымдар мен ұсынымдарды білу арқылы тергеуді толық, жан-жақты, шынайы ұйымдастыруға және қылмыстарды ізін суытпай ашуға қажет<sup>16</sup>.

Қылмыстарды криминалистикалық сипаттамалар дайындау мақсатында зерттеу алдымен осы жүйені қандай элементтер құрайтынын анықтауымыз керек. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының құрылымын талдай келе, авторлар оның құрамдас бөліктерін әртүрлі анықтайды: Р. С. Белкин<sup>17</sup>, Н. А. Васильев<sup>18</sup>, И. А. Возгрин<sup>19</sup> және Е. Ғ. Жәкішев<sup>20</sup> оларды элементтер ретінде қарастырады, ал Н. А. Селиванов<sup>21</sup> — белгілер ретінде қарастырады. Кейінгі көзқараспен А. Ф. Облаков<sup>22</sup> келіспеген және оның ойынша, әрбір қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының құрылымындағы құрамдас бөлігіне олардың мәнін ашып беретін нақты белгілер жиынтығы тән, және де біздің ойымызша мұндай тұжырыммен келісуге тура келеді.

Әрбір қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы тиісті құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық түсініктерінен, тергеудің жалпы

---

<sup>16</sup> **Возгрин И.А.** Научные основы криминалистической методики расследования преступлений: Курс лекций. – СПб.: Изд-во СПб. юрид. ин-та МВД России, 1993. – Ч. 4. – 22-б.

<sup>17</sup> Криминалистика. – М., 1995.

<sup>18</sup> **Васильев А.Н.** Проблемы методики расследования отдельных видов преступлений. – М., 1978.

<sup>19</sup> **Возгрин И.А.** Научные основы криминалистической методики расследования преступлений: Курс лекций. – СПб.: Изд-во СПб. юрид. ин-та МВД России, 1993. – Ч. 4.

<sup>20</sup> **Джакишев Е.Г., Нурмагамбетов К.Т.** Криминалистика в борьбе с хищениями. – Алма-Ата. 1990. – 44-б.

<sup>21</sup> **Селиванов Н.А.** Советская криминалистика: система понятий. – М., 1982.

<sup>22</sup> **Облаков А.Ф.** Криминалистическая характеристика преступлений и криминалистические ситуации: Учеб. пос. – Хабаровск: Хабаровская высшая школа МВД СССР, 1985.

шарттарынан және құқыққа қарсы іс-қимылдармен күрестің қоғамдық-саяси маңыздылығынан туындайды деуші ғалымдарды ой-пікірлерімен келісуге болады. Алайда, бұл мәліметтер қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының құрамдас бөлігі болып есептелмейді, олар тек зерттеу затын анықтау үшін қажет бастапқы ақпараттық база болып табылады.

Азаптауларды өзінің заңдық сипатына қарай азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар арасындағы күрделі қылмыс құрамына жатқызуға болады. Сондықтан да ПО қызметкерлерімен жасалған азаптау істері бойынша тергеу жүргізу алдында тергеуші осы қылмыс құрамының қылмыстық-құқықтық мінездемесімен танысқаны жөн.

Азаптау азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатады және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 146 бабына сәйкес тергеушінің, анықтауды жүзеге асыратын адамның немесе өзге де лауазымды адамның не олардың айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнсіз келісімімен басқа адамның азапталушыдан немесе басқа адамнан мәліметтер алу немесе мойындату не ол немесе басқа адам жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу мақсатымен немесе кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруі болып анықталған.

Сонымен қатар заңшығарушы азаптаулардың екі ерекше сараланған түрін анықтаған. Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 146 бабының 2 тармағына сәйкес азаптаулардың ерекше сараланған түрлеріне адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, бірнеше рет, денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіру арқылы, кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған, сондай-ақ үшінші тармағы жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соққан іс-әрекеттерді жатқызған. Осы баптың ескертпесіне сәйкес лауазымды адамдардың заңды әрекеттері нәтижесінде келтірілген тән зардабы мен психикалық зардап азаптау деп танылмайды.

ПО қызметкерлерімен жасалған азаптаудың криминалистикалық сипаттамасы тергеуші үшін осындай қылмыстық істер бойынша жұмысын ұйымдастыруға қажет бастапқы қайнар көздер ретінде танылады.

Біздің ойымызша, қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының негізгі элементтеріне төмендегідей тек тұрақты, әрдайым қайталанушы компоненттерді жатқызуға болады:

- бастапқы ақпарат сипаттамасы;
- жасалған қылмыс жағдайының сипаттамасы;
- қылмысты жасау және жасыру тәсілдері туралы мәліметтер;
- қылмыстық іс-әрекеттердің әдепкі іздері және басқа да материалдық зардаптары;
- анықтауға жататын негізгі жағдайлар.

### **1.1. БАСТАПҚЫ АҚПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

Азаптаулардың криминалистикалық сипаттамасының мәнін зерделеу үшін осы қылмыс туралы ақпараттың қайнар көзін, формасын, түрлерін және мазмұнын айқындау маңызды болып табылады.

Тергеу және сот практикасының талдауына сүйенсек, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 146 «Азаптаулар» бабымен көрсетілген қылмыстық істер бойынша бастапқы қайнар көздердің жолданым иелері болып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 187 бабының 4 тармағына сәйкес, ішкі істер органдарының сотқа дейінгі тергеу жүргізу тұлғалары немесе жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері танылады<sup>23</sup>.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 180 бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруге негіз ретінде осындай санаттағы қылмыс белгілеріне көрсететін жеткілікті мәліметтердің болуы жүреді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп — ол жасалған қылмыс белгілері туралы бастапқы мағұлмат өзіне жинақтаған қылмыстық-процестік заңмен көрсетілген қайнар көз. Құзырлы органдар анықталған мерзімде қылмыс туралы келіп түскен арыз бен мәліметтерді қарастырып, оған байланысты шешім шығаруға міндетті.

Практикада осындай санаттағы қылмыс белгілері көбіне мынадай қайнар көздерден алынады:

- жеке жолданымнан;
- бұқаралық ақпарат құралдарынан;
- тергеу изоляторы мен бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі азаматтардан келіп түскен ақпарат;
- Қазақстанның азаптауларға қарсы және басқа да үкіметтік емес ұйымдарының одақтарынан ақпарат;
- қорғаушылардың ақпараты;
- басқа да қайнар көздер.

---

<sup>23</sup> ҚР ҚПК (2015 ж. 24.11 өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес).

## **Жеке жолданым**

Жеке адамның тікелей арыздануы – болуы мүмкін азаптау дерегі бойынша бастапқы ақпарат алудың тиімді тәсілі. Жәбірленуші болуы мүмкін азаптау дерегі туралы хабарлаумен бірге, өзімен арызды растаушы құжаттарды алып келуі мүмкін (бұл өз алдына сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші адаммен осы материалдарды іздестіруден босатады). Ал болған оқиға туралы баяндау кезінде әдетте, тергеуді жоспарлауға көмек беретін көрсетпелер болуы мүмкін.

## **Бұқаралық ақпарат құралдары**

Адам құқықтарының бұзылуын айқындауда бұқаралық ақпарат құралдары ерекше орын алады. Құқық қорғау органдары мен сот инстанцияларынан әділеттілік таппай, бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінген азаматтар аз емес. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің қайнар көздерінен алған ақпараттарды да жариялайды.

Азаптаулар қолданылуы мүмкін туралы ақпаратқа қатысты бұқаралық ақпарат құралдарын бақылау өз нәтижелерін беріп, кейде интернет-сайт, теледидарда жаңалықтар пайда болып жатады.

Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәліметтер тергеуді бастауға жеткіліксіз болады. Алдымен, әдетте жәбірленушімен байланысуға қажет мағұлматтар болмайды және мұндай мәліметтерді тергеу органдарына хабарлау бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін міндеттемейді. Ақпараттарды ұсынудан бас тарту әдетте кәсіби этика талаптарымен түйіндес, яғни құпиялық негізінде ұсынылған ақпараттың қайнар көздердің мүддесін қорғаумен, жәбірленуші немесе оқиға айғақтарының қауіпсіздігімен дәлелденген.

Журналистер, және тергеу органдары шынайы ақпарат алуға мүдделі. Журналистердің жақсы қайнар көздері болса да, көбіне қолдағы ақпараттардың шынайылығын тексеруге не уақыты, не мүмкіндігі болмай жатады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері керісінше, қарама-қарсы проблемаға кез болады. Сол себептен осыны мойындап, өзара тиімді қатынаста жұмыс істеген жөн.

## **Тергеу изоляторы мен бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі азаматтардан келіп түскен ақпарат**

Тергеу изоляторы мен бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі жазасын өтеуші адамдар ақпараттарына жүгінсек, құқық қорғау органдарының бөлек өкілдерімен оларға қатысты жасаған құқық бұзушылықтар туралы мағұлмат беруге дайын. Бірақта бұл қайнар көзді пайдалана отырып, сөзсіз алда күтіп тұрған проблемалардың сипатын түсіне білу қажет.

Тергеу изоляторы мен бас бостандығынан айыру мекемелерінен келіп түскен ақпарат тергелетін құқық бұзушылықпен бірге, басқа да қосалқы мәселелерге де қатысты болады. Құқық бұзушылық жайлы көрінеу жалған хабарлама беруді де кездестіруге болады. Оның мақсаты арызданушыға тағылған айып бойынша тергеуді теріс жолға түсіріп, осы процесті күрделендіру.

Сонымен қатар тергеу изоляторы мен бас бостандығынан айыру мекемелерінен келіп түскен ақпарат көбіне өте ертеде жасалған құқық бұзушылыққа қатысты болады және олардың көпшілігімен дәлелдемелер бұрын жоғалғандықтан, сапалы тергеу жүргізу мүмкін емес.

### **Қазақстанның азаптауларға қарсы және басқа да үкіметтік емес ұйымдарының одақтарынан ақпарат**

Қазіргі кезде еліміздің аумағында үкіметтік емес ұйымдардың өте көп саны тіркеліп, жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында құқық қорғаушы ұйымдар да, және жұртшылық арасындағы әртүрлі топтардың мүддесіне өкілдік етушілер ұйымдар да баршылық. Үкіметтік емес ұйымдар белсенді және белсенді емес, мәлім және беймәлім, сондай-ақ бұрыннан бері істеп келе жатқан және таяуда ғана құрылған болып байқалады.

Бірде бір үкіметтік емес ұйым бұзылған құқықтар бойынша пайда болған барлық сұрақтарға қатысты кәсіби деңгейде көмек көрсететіндігінде күмән туындайды. Әдетте, іскерлі ұйым нақты бағытты қызметті таңдап, мейлінше шектеулі адамдар ортасына жоғары деңгейде сапалы көмек көрсетуге тырысады.

Құқықтары бұзылып жатқан адам қоғамдық немесе партиялық ұйымдар бойынша маман болмағандықтан, қандай да бір жағдай туындаған да олардың қайсысының көмегіне жүгіну керек екендігін түсінбей жатады. Көбіне, мұндай адамдар өзіне мәлім (бұқаралық ақпарат құралдарына көрген) немесе таныстары көрсеткен ұйым көмегіне жүгінеді.

Ұйымға келген адамға орын алған жағдайға қатысты шын мәнінде көмек алатын жерге жіберу маңызды. Сондықтан да бір немесе әртүрлі аумақта жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар бір-бірімен ақпарат алмасып отырғаны жөн.

### **Қорғаушылардың ақпараты**

Адвокаттар өздерінің қызметіне қарай азаптау мен қатыгездіктен зиян шегуі мүмкін адамдармен қарым-қатынаста болады және мұндай жат көріністен жапа шеккен клиенттің құқықтарын қалпына келтіру бойынша өздігінен іс-шаралар жасай алады.

Бірақта, нақты жағдайлар орын алғанда, адвокаттар құқық қорғау органдарының көмегіне жүгінеді. Зиян келтірілген адамдардың кейбіреуі мүддесін қорғаған қорғаушының қызметін өтеу үшін материалдық

мүмкіндігі болмайды, ал құқық қорғау органдары өз қызметіне төлемақы алмайды. Осындай санаттағы қылмыстарды тергеуде адвокаттарды құқық қорғау органдарымен өзара қызметтесуге итермелейтін тағы бір жағдай – дәлелдемелерді жинау және бекіту кейбір қорғаушылардың қолынан келе бермейді, кейде онымен айналысуға ынта болмайды.

Қорғаушының күдіктімен әрекеттесу кезінде ескеретін жайт, ол өз клиентін тағылған айыптан қорғайды. Ол үшін коммерциялық емес ұйымдар көбіне тергеуге қысым көрсетудің бір элементі болып табылады. Суреттелген оқиғада бір адам бір қылмысты жасауда күдікті және азаптаудан жәбір көруші (азамат құқығын бұзу) бола алады.

Адам құқығы бұзылуы жайлы жәбірленушінің арызы бойынша жиналатын ақпарат, оның процессуалдық қорғанысын іске асырушы адвокатқа пайдалы. Мысалы, оның көмегімен ол заңды бұзы арқылы алынған кейбір дәлелдемелерді алып тастауы мүмкін. Егерде адам азаптаудан кейін мойындаса, ондай мойынға алу кейіннен сотпен қабылданбауы мүмкін. Адвокат өз тарапынан азаптауды тергейтін тергеушіге басқа іс бойынша тергеу әрекетін жүргізу кезінде мәлім болған ақпаратпен бөлісе алады.

### **Басқа да қайнар көздер**

Нақты аумақтың ерекшелігі мен мүмкіндіктеріне қарай азаптауларды қолдану туралы бастапқы қайнар көздер мыналардан келіп түсуі мүмкін:

- аумақтық адам құқықтары жөніндегі өкілетті (адам құқықтары жөніндегі комиссия);
- медициналық мекеме және олардың бөлек қызметкерлері;
- құқық қорғау органдары және олардың бөлек қызметкерлері;
- діни ұйымдар мен ұлттық диаспоралар;
- коммерциялық ұйымдар.

Сонымен қатар ақпарат мәжбүрлеп ұстау орындарында адам құқықтарын қамтамасыз ету қадағалаушы қоғамды бақылау комиссиясынан келіп түсуі мүмкін.

Бұл ұйыммен өзара әрекеттесу бастапқы ақпарат алумен қатар, қамауда ұстау орындарынан алынған арыздар бойынша тиімді тексеріс жүргізуге мүмкіндік береді.

Азаптау деректері бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастауға басқа да заңмен анықталған негіздер болуы мүмкін, алайда бүгінге дейін құқық қорғау органдарының практикасында ондай көрініс байқалмады.

## **1.2. Қылмысты жасау жағдайының сипаттамасы**

Адамның әрбір қызметі тәрізді, қылмыс та нақты мерзімдік, аумақтық, климаттық, әлеуметтік және басқа да жағдайларда, яғни шын мәніндегі қоршаған ортада дайындалып, жасалады. Қылмыс ортасы (немесе жағдайы) болып адамдар, заттар, олардың қалпы, байланысы мен қарым-қатынасы табылады, осылардың ықпалымен немесе оларды ескере нақты қылмыстық іс-әрекет жасалады.

Қылмыстың жасалу жағдайының түсінігінің маңызды криминалистикалық мағынасы бар. Ол криминалистикалық бағдардағы практикалық, зерттеулік және насихаттық қызметті оңтайландыру сұрақтарымен тығыз байланысты.

Қылмыстық қастандықтың затын, уақытын, орнын, қолайлы немесе қиындатушы жағдайларды зерттеуден көбіне қылмыс оқиғасын және оны жасаған адамды анықтау басталады.

Қылмыстың жасалу орнын анықтай отырып, азаптаулар бір немесе бірнеше жерде қолданылуы мүмкін екендігін ұмытпау керек. Оларға - құрылыс, көлік құралдары, қызметтік бөлмелер, түрме камерасы немесе азаптаулар қолданылған басқа да бөлмелер, сондай-ақ басқа да жерлерді жатқызуға болады.

Осындай санаттағы қылмысты жасау уақыты күн немесе түн, демалыс не мейрам сияқты мерзімдік шектеулермен шектелмейді. Әйтседе, осы қылмысты жасау уақыты көбіне оны жасаған субъектінің жұмыс уақытымен сәйкес келіп жатады.

Қылмыстың жасалу жағдайын анықтау үшін оның құрамын да қарастырған жөн.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 146 банына сәйкес азаптау ол тергеушінің, анықтауды жүзеге асыратын адамның немесе өзге де лауазымды адамның не олардың айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнсіз келісімімен басқа адамның азапталушыдан немесе басқа адамнан мәліметтер алу немесе мойындату не ол немесе басқа адам жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу мақсатымен немесе кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруді айтады.



Аталмыш құқық бұзушылық мынадай сараланған құрам арқылы көзге түседі:

1) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) бірнеше рет;

3) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіре отырып;

4) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекет.

Жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соққан азаптау бөлек сараланған.

Лауазымды адамдардың заңды әрекеттері нәтижесінде келтірілген тән зардабы мен психикалық зардап қылмыстық заңмен азаптау болып танылмайды<sup>24</sup>.

Жоғарыдағы анықтамаға жүгінсек, осы қылмыстың субъектісі болып:

– тергеуші;

– анықтама жүргізуші тұлға;

– өзге де лауазымды адам не сотқа дейінгі тергеу жүргізетін адамның айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнсіз келісімімен жасаған адам табылады.

Азаптау жасаған адамның жеке басы төмендегідей (бағдарлама) үлгі бойынша зерттеледі:

1) тағылған айыпқа дейінгі күдіктінің өмір сүру жағдайын зерттеу;

2) күдіктінің тұрмыс қалпын зерттеу;

3) тіршілік ұстанымы;

4) интеллектуалдық қадір-қасиеті.

Қылмыстың жасалу жағдайы криминалистикалық сипаттаманың маңызды элементтерінің бірі деп есептеуші ғалым-криминалистердің<sup>25, 26</sup> көзқарастарымен келісеміз. Алайда, қылмыстың жасалу жағдайын криминалистикалық сипаттаманың қылмысты жасау және жасыру тәсілі, кінәлінің жеке басының ерекшеліктері мен қасиеттері сияқты басқа да элементтерінен оқшаулап қарастыруға болмайды.

---

<sup>24</sup> ҚР ҚК (2016 ж. 01.01 өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес).

<sup>25</sup> *Танасевич В.Г., Образцов В.А.* О криминалистической характеристике преступлений // Вопросы борьбы с преступностью. – М., Юрид. лит., 1975. – Вып. 25. – 100-б.

<sup>26</sup> *Васильев А.Н., Яблоков Н.П.* Предмет, система и теоретические основы криминалистики. – М., 1984. – 123-124-б.

### 1.3. Қылмысты жасау және жасыру тәсілдері туралы мәліметтер

Қылмысты жасау тәсілінің криминалистикалық түсінігі белгілі деңгейде қылмыстық-құқықтық түсіндірмеден өзгеше болады.

Криминалистер үшін қылмыстың жасалу тәсілінде алғы шепке таңдап алынған қылмыстық мақсатқа жетудің негізгі қасиеттерінің бейнелену заңдылықтарынан тыс құбылыс нәтижесі болып табылатын жақтары шығарылады. Осыған орай, қылмыскердің өз арам пиғылына қалай жеткендігін көрсететін іздер құнды болып табылады<sup>27</sup>.

Криминалистикалық әдебиетте қылмыстың жасалу тәсілі жайлы бірыңғай түсінік болмағандықтан, қылмыскер өз мақсатына жету үшін көмек беретін өзара байланысқан және өзара шарттасқан қимылдардың жүйесі ретіндегі қылмыстың жасалу тәсілі туралы кең мағынадағы (яғни, қылмысқа дайындық пен оны жасыру) анықтамасы ойға қонымды.

Азаптау тәсілін криминалистикалық зерттеу кеңінен тараған азаптау тәсілдерін және нақты қылмыстың бөлек жағдайларын анықтауға бағытталып, осы құқық бұзушылықтың әдепкі моделін құрастыруға мүмкіндік береді, субъектінің іс-әрекеттерін көз алдына келтіруге және оның негізінде іздің жасалу механизмін, тергеу жолы мен амалдарын болжамдауға болады.

Азаптауға қатысты мынадай қылмысты жасау тәсілдерін ажыратуға болады:

- моқал жаракат келтіру, мысалы жұдырықпен ұру, аяқпен тебу, шапалақтау, дүре соғу, электр сымымен немесе таяқпен сабау не аяқтан шалып жығу;
- дене күйімен азаптау, яғни асып қою, дене мүшелерін керу, белгілі бір қалыпта ұзақ уақыт тұруға мәжбүрлеу;
- темекі шоғымен, қыздырылған сайманмен, қайнаған сұйықтық немесе улы затпен күйдіру;
- электр тоғымен есеңгірету;
- тұншықтыру (асфиксия), мысалы дымқыл немесе құрғақ әдістерді қолдану, басымен суға батыру, буындыру, химиялық заттарды пайдаланып тұншықтыру;
- мылжалап тастау, мысалы саусақтарын қатты соққылау нәтижесінде немесе жанбас не арқаға зақым келтіру үшін цилиндрлік қалыптағы ауыр затты пайдалану;

---

<sup>27</sup> **Яблоков Н.П.** Криминалистическая методика расследования. – М.: Изд-во Москов. ун-та, 1985. – 45-б.

– ұшы бар қарудан немесе атыс қаруымен жарақат келтіру, тырнақ астына ине тығу;

– тұз, ашы бұрыш, бензиннің және т.б. химиялық қасиеттерін жарақаттарда немесе дене қуыстарында пайдалану;

– жыныстық органдарды жарақаттау арқылы сексуалдық күш көрсету, сексуалдық қастандық, әртүрлі заттарды қолдану, зорлау;

– аяқ-қол немесе саусақтарды мылжалау немесе жарақаттау арқылы жұлқылау;

– аяқ-қол немесе саусақтарды медициналық әдіспен кесіп тастау, хирургиялық жолмен органдарды алып тастау;

– тыныштандырушы, нейрорептикалық немесе салдандырушы сияқты препараттардың улы дозаларын пайдалану арқылы фармакологиялық азаптау;

– қамауда ұстау жағдайлары, мысалы ауданы шектелген немесе адамға толы камера, онаша қамау, тазалыққа жатпайтын жағдай, яғни дәретханаға шығармау, тамақтануды азайту немесе уланған ас және су, экстремалды температурамен ықпал ету, онаша болу құқығынан айыру және жалаңаштандыру;

– қарапайым сенсорлық ынталандырудан айыру, мысалы дыбыс, жарық, уақытты сезіну, оқшауландыру, камерадағы жарықпен іс-қимылдар жасау, физиологиялық қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіндігінен айыру, ұйқы бермеу, жуындан, медициналық көмектен, әлеуметтік қарым-қатынастан айыру (байланыс орнатпау және ақпаратпен алмаспас үшін, сондай-ақ азаптаушыға патологиялық өңіл аудару мақсатында құрбан жеке камераға оқшауланады);

– кемсіту, мысалы тіл тигізу, адамды қорлаушы әрекеттерге мәжбүрлеу;

– өлтірем деп, от басы мүшелеріне зиян келтіремін деп, азаптауларды жалғастырамын деп, түрмеге жабамын деп қауіп төндіру, өлім жазасын еліктету;

– ит, мысық, егеуқұйрық немесе құршайн сияқты жануарлармен қорқыту;

– жеке адамның еркін басудың психологиялық әдістері, яғни адамды сатқындыққа мәжбүрлейді, өзінің әлсіздігін мойындауға мәжбүр, екі ойлылыққа салынып немесе қарама-қайшы хабарлама алады;

– тыйым салуларды бұзу;

– мінез-құлқына жәбір көрсету, яғни жеке адамды діни көзқарасына қарама-қайшы іс-әрекет жасауға мәжбүрлеу (мысалы, мұсылманға шошқа етін жеуге), азаптау немесе басқа да зорлық көмегімен басқа адамға зиян

келтіруге мәжбүрлеу, мүлікті құртуға, басқа адамдарға қауіп төндіретіндей сатқындыққа мәжбүрлеу;

– басқа адамдарға қатысты азаптау немесе қастық жасау кезінде қатысуға мәжбүрлеу<sup>28</sup>.

Жоғарыда аталған субъектілермен қылмысты жасыру және тергеуге қарсылық көрсету тәсілдер:

– параға сатып алу, қорқыту, бопсалау, жәбірленуші, куә, олардың жақындарын иландыру;

– қылмыстың материалдық іздерін жою, өзгертуге талпыныс;

– жалған алиби құрастыру, тергеуге жалған куәлар кірістіру, қылмыс іздерін бұрмалау;

– тергеушінің өзімен немесе басқа біреулер арқылы параға сатып алу, қорқыту, бопсалау, иландыру, сондай-ақ тергеуші, және оның жақындарына қатысты қылмыстық іс фабрикациялау талпыныстары;

– тергеудің мақсатына жеткізбеу үшін тергеушінің басшысына (өзінің немесе басқа адамдар арқылы) тиісті өтініштермен шығып, оның нәтижесінде тергеушіге ауызша, әрі жазбаша түрде орындауы қиынға түсетін тапсырмалар беріледі, тергеудің келешегі жоқтығы туралы ойды қалыптастырады; іс кәсіби деңгейі шамалы тергеушіге тапсырылады және т.б.;

– субъектінің тергеушіге келуден бас тартуы;

– ойдан шығарған негіздермен тергеушінің іс-әрекеттеріне шағымдану (бұл жерде құқығын қорғау бойынша емес, біле тұра мазасыз хал-ахуалды төндіру, тергеушіге психологиялық жайсыздық қалыптастыру);

– күдіктіні қорғауға және тергеушінің беделін түсіру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында компания ұйымдастыру; іске билік өкілдерін, құқық қорғау ұйымдарының көңілін аударуға әрекет жасау (қоғамдағы жемқорлық деңгейіне қарай, мұндай тергеу қарсы тұру жиі байқалады);

– көрсетулерден бас тарту, оларды өзгерту; жалған көрсетулер беру, жала жабу;

– тергеуді созу мақсатында аурумен сылтаурату.

Жоғарыда көрсетілген қарсы тұру тәсілдерінен басқа арамза қорғаушылар осыларға ғана тән арнайы тәсілдерді пайдаланады: күдіктіні кінәсін мойындаудан бас тартуға иландыру; қорғаушының ойынша қажет көрсетулерді алу мақсатында (сөйлесуде, параға сатып алуда және т.б. өзінің қатысуы) жәбірленушіге, куәға, басқа да адамдарға ықпал жасау

---

<sup>28</sup> Руководство по эффективному расследованию и документированию пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания / Стамбульский протокол от 9 августа 1999 года.

бойынша күдіктінің жоспарларын іске асыру; қарсылық көрсету тәсілдері бойынша күдіктіге кеңес беру; қамаудағы адамның қарсылық көрсетуге қатысты сыбайластарымен ақпарат алмасуына көмек беру; тергеу әрекеттерін қасақана болдырмау; тергеушінің беделін түсіру үшін ойдан шығарылған қозғамдар бойынша негізсіз шағымдар түсіру (заңды шағымдар қорғаушыға кінә болмайды, өйткені оны іске асыру үшін онда процессуалдық өкілеттілік бар); тергеуге қарсылық көрсетуге мүдделі адамдардың қызметін жұмылдыру; заңды бүркемеленіп жалған куәгерлер шеңберін кеңейту, шын мәнінде болмаған жағдайларды айқындау.

Адвокаттар қорғау кезінде заңды, әрі заңсыз амалдар пайдалануы мүмкін. Жосықсыз қорғаушы – тергеуді тұрақсыздандыратын маңызды фактор, оны есепке алмасақ, тергеудің мақсатына жетуі екіталай. Қорғаушының біліктілігін, оның психологиялық мінездемесін бағалап, есепке ала отырып тергеуші қарсылық көрсетуді жеңудің дұрыс тактикасын таңдауға мүмкіндік береді.

Тергеу жүргізуші адамның әріптестерінің қарсылық көрсетуі мыналардан құралады:

- осы тергеуді жүргізуге қатысушы адамдардың қарсылық көрсетуі;
- тергеуді жүргізуге қатыспайтын адамдардың қарсылық көрсетуі.

Аталған субъектілер тергеу құпиясын құраушы ақпараттарды мүдделі адамдарға заңсыз беру жолымен тергеуге қарсылық көрсетеді, яғни:

- кінәліге, оған көмектесуші адамдарға заңға қайшы кеңес береді;
- заттық дәлелдемелерді, іс материалдарын ұрлау, өзгерту, жою;
- тергеу әрекеттерін қасақана сапасыз, сондай-ақ қылмыстық процестік кодекс талаптарын бұза отырып жүргізу;
- тергеушіге ықпал жасау талпыныстары, мүдделі адамдарға тергеу иелігіндегі ақпаратты заңға қайшы тапсыруға қатысты тергеушіге басым көрсетуге талпыну;
- тергеушінің абыройын түсіретін жағдай тудыру, оны екі ұштылық жағдайға қою (мысалы, күдіктінің туған-туыскандарымен ойда жоқта кездестіру).

Қарсылық көрсетуді жеңу бойынша шаралар:

- тергеу құпиясын қамтамасыз ету, ақпараттың рұқсатсыз таралуына жол бермеу;
- күтпегендік, тұтқиылдық факторын қолдану;
- болуы мүмкін қарсылықты ескере отырып жалпы тергеуді және бөлек тергеу әрекеттерін жоспарлау;
- күдіктінің жеке басын, оның байланыстарын зерттеу (алдымен құқық қорғау органдарындағы, билік құрылымдардағы) және осы мәліметтерді

қарсылық пайда болған кезде және оны жеңу бойынша барабарлық шаралар таңдауда ескеру;

- жауап алынушы адамдармен психологиялық байланыс орнату;
- қажет болғанда куәгерлерді таңдай білу, яғни келешекте олар тергеуге қарсылық көрсетушілер қатарынан табылағындықты болдырмау;
- қарсылық көрсетуді жою үшін «Жедел іздестіру қызметі туралы» заңының мүмкіндіктерін қолдану;
- тергеу кезінде криминалистикалық ұсыныстарды ескеру;
- қажет болғанда, куәлар туралы мәліметтерді құпия ету шараларын қамтамасыз ету;
- құқық қорғау органдарының, билік құрылымдары тарапынан туындағын қарсылықтарға дер кезінде әрекет ету;
- тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қарсылық көрсету болжалса, дыбыс және бейне жазу мүмкіндіктерін қолданған жөн (әсіресе, жосықсыз қорғаушылардың қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттерінде);
- тергеу кезінде қылмыстық процестік кодекс талаптарын қатаң сақтау және оның сақталуын сот өндірісінің басқа да қатысушыларынан талап ету;
- бұлтартпау шараларын дер кезінде тактикалық дұрыс таңдау.

#### **1.4. Қылмыстық іс-әрекеттің әдепкі іздері және басқа да материалдық зардаптары**

Әрбір қылмыс қоршаған ортаға өзгеріс енгізеді. Қылмыстық әрекеттердің бейнесі болып іздер табылады, сондықтан да қылмыстық істерді тергеу кезінде қылмыс жасаумен байланысты іздерді зерделеу маңызды болып табылады.

Қылмыскермен қалдырылған іздердің жиынтығын негізге ала отырып, көбіне қылмыс оқиғасының мазмұнын анықтауға, ал кейбір жағдайда орын алған деректің толық көрінісін құрастыруға болады.

Іздердің түсінігімен қылмыскердің іс-қимылдарының нәтижесінде қоршаған ортада орын алуы мүмкін әртүрлі өзгерістер қамтылады. Осындай өзгерістер қатарына мысалы, қандай да бір заттардың пайда болуы немесе жоғалуын, осы заттарда жаңа белгілердің пайда болуына қарай, заттың басқа затқа айналуын жатқызуға болады.

Іздер қалай әртүрлі болса, солай олардың пайда болу табиғаты да әрқилы. Олардың пайда болуына физикалық, химиялық, биологиялық және басқа да шексіз құбылыстар себеп болады, сондықтан да тергеу мақсатында қолданылатын барлық іздер туралы мағұлматтарды бір ғылым, әсіресе криминалистика төңірегінде жинақтау мүмкін емес.

Криминалистикада «із» термині кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада ол қылмыс нәтижесінде туындаған барлық материалдық зардаптар, объектінің немесе заттық жағдайдың өзгеріске ұшырауы, яғни бір заттың екінші затқа әсер етуінен пайда болған іздері, қылмыскермен қалдырылған, оқиға орнынан алып кеткен объектілер, бүлініске ұшыраған заттардың бөлшектері, иістер. Мұндай іздер үлкен үш топқа ажыратылады:

- а) бейнелену іздері;
- б) нәрселер із ретінде;
- в) заттар із ретінде<sup>29</sup>.

Бейнелену іздері ол тар мағынадағы іздерді білдіреді, яғни із қалдырған объектінің белгілерін және оның пайда болу механизімін көрсетеді. Іздік жанасу кезінде объектілер физикалық, химиялық немесе биологиялық әсер душар болады. Азаптау үшін көп жағдайларда тәндік механикалық әсер ету сипатты.

Бейнелену іздерін қалдырушы объектілерге байланысты мынадай іздерді ажыратуға болады:

- адамдікі;
- құрал-сайман, өндіріс механизімен;
- көлік құралдарынан және басқадан.

Құрал-сайман іздеріне келетін болсақ, әдетте ол азаптау кезінде қолданылған құрал-саймандардың іздері және олармен қалдырылған дене жарақаттары.

Құрал-сайман іздерімен қатар трасологиялық зерттеу объектілері болып кісен, жіп, сым, жабысқақ лента және т.б. іздер табылады.

Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруде микрообъектілер көп көмек көрсетеді. Оларға материалдардың, заттардың, талшықтардың, жер қыртыстарының микробөлшектерін жатқызуға болады, ал микроіздерге – қылмыс оқиғасымен себепті байланыстағы ұсақ объектілер мен іздер жатады. Оқиға орнында қалатын дәстүрлі іздер (саусақ, құрал-сайман іздері) көбіне қылмыскерлермен жойылатын болса, микрообъектілерді жою әдетте қиынға соғады. Бір микроіз-объектілерді жоямын деп, қылмыскер басқа іздер қалдырады.

Микрообъектілер ол қылмыс оқиғасымен байланысты материалдық объектілер, көлемі және салмағы аз болғандықтан, арнайы аспаптарсыз оларды іздеу, табу және зерттеу әрі қиын, әрі мүмкін емес. Мұндай іс-қимылдар аз көлемді заттармен жұмыс жасауды қамтамасыз ететін арнайы техникалық құралдармен іске асырылады.

---

<sup>29</sup> *Корухов Ю.Г.* Криминалистика: Учебн. / Под ред. А.Г. Филипова и А.Ф. Волынского. – М.: Спарк, 1998. – 84-б.

Микрообъектілердің негізгі белгілері:

- қылмыс оқиғасымен байланыс;
- жай көзбен іздеу және табу, арнайы техникалық құралдарсыз бекіту, алу және зерттеу қиын немесе мүмкін емес;
- микрообъектілер көлемінің аздығымен сипатталады.

Қылмыс орнында микрообъектілерді іздеуге кіріспес бұрын, алдымен осы жағдайда олар қай жерде кездесуі мүмкін және қай жерден оларды іздеуге болады, соны анықтаған жөн. Бұл болған оқиға механизмінің, қылмыс жасау тәсілін, жалпы қылмыс орнындағы іздік жағдайды талдау арқылы айқындалады.

Әрбір қылмыс түріне микрообъектілер табылуы мүмкін тасымалдаушы объектілер тән. Осылайша, не болғанын, микрообъектілер табылуы мүмкін тасымалдаушы объектілер анықтау өте маңызды. Бұл мәліметтер іздестіру реті, табуға қажет әдіс-құралдарды таңдау туралы сұрақты шешуде негіз болады. Алдымен, тергеуші болған оқиғаның мүмкін варианттарын көзге елестетіп, мынадай аспектілерге назар аудару керек:

- 1) қылмыс оқиғасының өрбу реттілігі;
- 2) оқиға өрісіне нақты қандай заттар енді;
- 3) көрсетілген нәрселердің физикалық өлшемі және химиялық сапасы;
- 4) сақтау орнының заттардың қасиетіне ықпал етуі;
- 5) азаптау қандай тәсілмен жасалған.

Осылайша, қылмыс жасау механизмінің және оқиға сипатын талдау арқылы шамамен микрообъектілердің іздерін тасымалдаушы заттар мен киім-кешекті анықтауға болады.

Көбіне микрообъектілерді тасымалдаушыларға жататындар: адам денесі, жәбірленуші және күдіктінің киімі; қылмыскердің азаптау кезінде пайдаланған құрал-саймандары; қылмыс жасалған орындағы әртүрлі заттар.

Ондай орындарда жәбірленуші және күдіктімен қолданған қылмыс құралының іздері, сондай-ақ осы заттардың микроіздері мен микробөлшектері, басқа да материалдық (шаң, бояу, желім, жабысқақ лента) іздер қалады.

Сонымен бірге иіс іздерінің адам қарым-қатынасқа түскен заттардың үстінде ұзақ уақыт сақталу мүмкіндігі бар. Микрообъектілер тәрізді, иіс іздеріне адамдар мән бермейді, сол себептен көбіне олар қылмыс орнында сақаталады, яғни беткейде, заттардың ішінде және бөлмелерде қылмысқа қатысы бар адамдардың иістері қалуы мүмкін. Сондықтан да иіс іздерін зерттеу арқылы оның нақты адамға тиесілі екендігін анықтау мүмкіндігі бар. Кейіннен алынған ақпарат процессуалдық құралдар көмегімен дәлелдеуде маңызды болады және күдікті адам әшкереленеді.



Сонымен бірге азаптау туралы қайнар көздерге жататындар:

- жәбірленуші және азаптауды қолданған адамның тілдесуіне негіз болған қылмыстық іс материалдары;
- басқа мекемелерде дайындалған немесе сонда сақталған (мысалы, медициналық карта және т.б.) тергеудегі іске қатысы бар құжаттар;
- тергеуге байланысты құрастырылған басқа да жазбаша материалдар (шақыру қағазы, күнделіктегі қара сөздер және басқалар);
- қылмысты ашу және қылмыстық іс жағдайларын анықтау құралы бола алатын заттар мен құжаттар (қылмыс құралы, киім-кешек және т.б.);
- оқиға жағдайларын көрсетуші дыбыс-бейне жазбалар.

### **1.5. АНЫҚТАУҒА ЖАТАТЫН НЕГІЗГІ ЖАҒДАЯТТАР**

Әрбір қылмыстық іс бойынша шындыққа жетуді ежелгі рим заңгерлері жегі мүшелік формуланы шығару арқылы көрсеткен, яғни не, қайда, қалайша, кім, кімнің көмегімен, неге?<sup>30</sup>

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасы егжей-тегжейлі дәлелдеу затын анықтаған. Осылайша, ҚР ҚПК 113 бабында көрсетілгендей, анықтама, алдын ала тергеу және сотта қарастыру кезінде анықтауға мыналар жатады:

- 1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары);
- 2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны;
- 3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері;
- 4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;
- 5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;
- 6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары;
- 7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;
- 8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;
- 9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

---

<sup>30</sup> Криминалистика / Под ред. С.А. Голунского. – М.: Юрид. лит., 1959. – 230-б.

ҚР ҚПК 113 бабының 4 тармағы қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды да анықтауға міндеттейді.

Заң дәлелдеу затының жалпы түсінігін анықтады, сондықтан да ҚР ҚПК 113 бабында көрсетілген тізімнің әрбір пункті іс бойынша шешілетін сұрақтардың біреуін баяндайтын және басқа да сұрақтарды түсіну үшін маңызды шын мәніндегі жағдаяттар тобын анықтайтынын ескерген жөн. Дәлелдеу затының мазмұнын қылмыстық-құқықтық нормаларсыз ашу мүмкін емес<sup>31</sup>, алайда, қылмыстық заң нормаларының маңыздылығына қарамастан, олар да дәлелдеу затының толық мазмұнын тәмәмдамайды, осыған орай криминалистикада «анықтауға жататын мән-жайлар» түсінігі қабылданған.

Мысалы, азаптау туралы істер бойынша тәсілдері, не азаптау әдістері тәрізді жағдайлар қылмыстық заңмен көрсетілген құрамға жатпайды, бірақта біз оны осы қылмысты анықтау затына жатқызуымыз керек.

Нақты қылмыс және онымен байланысты міндетті түрде анықтауға жататын жағдайлар шын мәнінде орын алған деректер жиынтығы ретінде байқалады. Бұл деректер әрқашан нақты, сондықтан да нақты іс бойынша дәлелдеу заты дербес. Занда көрсетілген «жағдаяттар» әдетте бір нақты деректе емес, кейінгілердің топтамасында байқалады. Сол себептен нақты іс бойынша әдетте анықтауға әртүрлі деректердің үлкен саны жатады.

Алайда, дәлелдемелердің көмегімен нақты қылмыстық іс бойынша анықталатын барлық деректерді дәлелдеу затына жатқызуға. Дәлелдеу кезінде қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын жағдайлар қатарына енгізілмейтін қосымша деректерді анықтау қажеттілігі туындап отырады. Олардың қылмыстық-құқықтық мағынасы жоқ және іс бойынша дәлелдеу затын құрастырушы деректерді анықтау үшін құрал болып табылады. Мұндай деректер әдетте жағдайларды анықтау барысындағы аралық тізбек болып қызмет жасайды. Сонымен қатар, тергеудің сатысы және нақты тергеулік жағдайға байланысты әрбір қылмыстық іс бойынша дәлелдеу мезетінде іс үшін маңызды, бірақта дәлелдеу затына енбейтін қандай да бір деректерді анықтау міндеті тұрады.

Сол себептен қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын жағдайларға қосымша деректерді де қосатын болсақ, онда ол осы жағдайлардың кеңеюіне әкеп соғады, ол өз алдына бөлек қылмыс түрлерін тергеудің жеке криминалистикалық әдістемелерін іс жүзінде қолдануды қиындатады.

Криминалистикалық әдебиеттерде дәлелдеу затын анықтау кезінде жеті немесе он екі мүшелік формуладан гөрі, тергеу процесінде қылмыс

---

<sup>31</sup> *Танасевич В.Г., Михайловская И.Б.* Теория доказательства в советском уголовном процессе. – М.: Юрид. лит., 1966. – 187-б.

құрамының бөлек элементтері бойынша топтастырылған сұрақтарды басшылыққа алған жөн<sup>32</sup>.

Осылайша, біздің ойымызша, мұндай криминалистикалық сипаттаманың элементі қылмыстық іс бойынша анықтауға жағатын негізгі жағдайлар түрінде көрсетіліп, мынадай элементтер бойынша топтастырылуы қажет:

- нақты не орын алды;
- болжалды кінәлі тергеуші (анықтаушы) болып табыла ма;
- әсер етудің заңсыз әдістері адамға заңнан тыс ықпал жасаумен байланысты ма, әлде байланысты емеспе;
- әсер етудің заңсыз әдістері орын алды ма, олар қалайша байқалды (жасау және жасыру тәсілі);
- қайда, қашан, кімге қатысты және немен байланысты олар орын алды;
- қылмыс құралы қолданылды ма және қандай;
- қылық субъектісінің құрбанмен тілдесуге не себеп болды;
- заңсыз әдістерді қолдану мақсаты;
- мүмкін куәлар шеңбері, іздік көрініс;
- басқа да қайнар көздердің бар болуы;
- қылық субъектісінің жеке басын сипаттаушы мәліметтер (өмір жағдайы; тұрмыс қалпы; өмірлік ұстанымы; интеллектуалдық сапасы және психофизиологиялық ерекшеліктері);
- тағылған айыпта адамның кінәлілігі;
- кінә нысаны, себептері, субъектінің қол жеткіземін деген мақсаттары;
- тергеуге қарсылық көрсетуге нұсқаудың болуы және оның тәсілдері;
- жәбірленушінің жеке басын сипаттаушы мәліметтер (егер ол болса): бұрын сотталған ба, психологиялық ерекшеліктері; кінәліні жауапқа тартуға қатысты көзқарасы; тергеумен ынтымақтастыққа дайындық; қайнар көз ретінде сенімділік;
- қылмыспен келтірілген зиян сипаты мен мөлшері;
- қылмыстылық пен жазалаушылықты болғызбайтын, сондай-ақ жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар;
- қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босатуы мүмкін жағдайлар;
- қылмысты жасауға себеп болған жағдайлар.

---

<sup>32</sup> *Арыстанбеков М.А.* Расследование нападений на охраняемые объекты: Дис. ... канд. юрид. наук. – М., 1996. – 35-б.

Біздің ойымызша, мұндай көзқарас ең орынды, өйткені ол осындай санаттағы құқық бұзушылықты тергеу кезінде анықтауға жататын жағдайлардың қыр-сырын рет-ретімен талдауға мүмкіндік береді және іс жүзінде қолдануда қарапайымдылықпен байқалады.

## 2. ІІО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ЖАСАЛҒАН АЗАПТАУ ІСТЕРІ БОЙЫНША ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ТАКТИКАСЫ

### 2.1. ӘДЕПКІ ТЕРГЕУЛІК СИТУАЦИЯЛАР, ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БОЛЖАМ ҚҰРУ

Қылмытарды тергеу объективтік шындықтың өзара байланысты процестері уақыт, орын, қоршаған орта тәрізді нақты жағдайларда жүргізіледі. Сонымен қатар мұндай үдеріс қылмыстық сот өндірісі шеңберіндегі адамдардың мінез-құлқы және басқа да тергеушіге беймәлім факторлардың ықпалында іске асырылады. Жоғарыда аталған өзара әрекеттесудің күрделі жүйесі нәтижесінде нақты жағдай қалыптастырып, онда тергеуші және басқа да дәлелдеуге қатысушы субъектілер әрекеттеседі және нақты тергеу үдерісі өтеді. Бұл жағдай криминалистикада тергеулік жағдай деген жалпы атаумен көзге түсті<sup>33</sup>.

Тергеулік жағдай тергеу процесіне қатысты сыртқы сипатымен басымырақ, оның себебі «ситуация» термині (латинның situs — жағдай) нақты жағдайды, қалыпты құрастырушы жағдайлар мен шарттардың үйлесімін білдіреді<sup>34</sup>.

Азаптау істері бойынша тергеп-тексеруді ұйымдастыру елеулі деңгейде сотқа дейінгі тергеудің басында байқалатын тергеулік жағдайлар сипатымен шартталады. Қарастырылып отырған қылмыстардың ерекшелігіне және сот-тергеулік практиканы талдау нәтижелеріне қарай, біздің ойымызша ең кеңінен тараған (әдепкі) жалпы жағдайларға мыналарды жатқызуға болады:

- азаптауды қолдану туралы арыз бар, және де оны қолданған адам мәлім;
- азаптауды қолдану туралы арыз бар, бірақта оны қолданған адам беймәлім (тек қылмысты жасауға қатысы болуы мүмкін лауазымдар шеңбері бар);
- азаптау құқық қорғау органдарымен анықталған;
- азаптау туралы ақпарат басқа жолмен алынған (үкіметтік емес ұйым, бұқаралық ақпарат құралдарынан және тағы басқалардан).

Нақты қылмысты тергеу кезінде осыған тән тергеулік жағдайлар тергеуді дұрыс ұйымдастыруда, тиімді криминалистикалық шешімдерді қабылдауда және тергеп-тексерудің оңтайлы жолдары мен құралдарын анықтауда елеулі орын алады.

---

<sup>33</sup> *Белкин Р.С.* Криминалистика / Под ред. А.Ф. Вольнского, Т.В. Аверьянова, И.Л. Александрова и др. – М.: Закон и право, ЮНИТИ-ДАНА, 2000. – 158-б.

<sup>34</sup> Большая советская энциклопедия. 2-е изд. – М., 1956. – Т. 39. – 182-б.

Әртүрлі тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде орын алатын тергеулік жағдайлар (куәдан, күдіктіден жауап алу; олардың арасындағы беттестіру; тінту; алу және тағы басқалар) жанжалды немесе жанжалсыз болуы мүмкін.

Сонымен қатар тергеулік жағдайлар төмендегідей ажыратылады:

1) қарапайым (ақпараттық, логикалық, психологиялық, тактикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық қиындықтардың жоқ болуы немесе мардымсыз болуы және тергеуші қарамағында осы қиындықтарды жағымсыз зардаптарсыз жылдам жоятындай жеткілікті мүмкіндіктердің болуы);

2) күрделі (сенімді қайнар көздер іздеумен тергеу елеулі қиындатылған; дәлелдеу зағының элементі, алдымен, қылмыскердің жеке басы немесе қоғамға қауіпті қылықтың өзі туралы жеткілікті мәліметтердің жоқтығы; күдікті және іс бойынша теріс көзқарасты және тергеушіге белсенді қарсылық көрсетуді ұстанған басқа да қылмыстық процеске қатысушылар; мақсатқа жетудің мығым әдіс-құралдары жоқ; уақыт, күш-құрал тапшы немесе олар дұрыс таратылмаған; жүргізілетін іс-әрекеттер өте ауқымды).

Тергеулік жағдайлардағы бастапқы ақпараттарға тиісті баға беру жұмыстың дұрыс бағытын анықтаушы болжамдар шығару үшін маңызды және тергеуді жоспарлаудың елеулі кезеңі болып саналады. Болдамдарды құру үшін негіздер болып процессуалдық анықталған дәлелдемелермен қатар, жедел іздестіру жолымен алынған мағұлматтар да табылады. Алайда, ескеретін жайт, болжамның мәнін құраушы – жорамал, дәлелденген болуы керек. Ат үсті пайда болған жорамалдар, негізсіз қиялдар тек азаптау туралы істерді тергеудің дұрыс жұмысын бұзады.

Болжамдар екі немесе оданда көп түсініктемелер ортаға салынуы мүмкін жағдаяттар бойынша, сондай-ақ түсінігі бір мәнді, дерегі іс жүзінде анықталған, қандай да бір жорамалдауды қажет етпейтін жағдайларда шығарылады.

Осылайша тергеуші болжам шығара отырып, жалпы оқиғаға, бөлек жағдайларға, қылмысты құрайтын қандай да бір элементтеріне түсінік беруге талпыныс жасайды, сондай-ақ ол жалпы (тергеліп жатқан оқиға жайлы жалпы) және жеке (қылмыс оқиғасының бөлек элементтері бойынша) болжам шығарады. Толық және шынайы тергеу үшін рет-ретімен алдымен жалпы, кейіннен жеке болжамдар шығарып, қолдану қажет.

Демек, криминалистика, әсіресе қылмыстың осы түрінің криминалистикалық сипаттамасына қатысты ұсыныстарды білу – нақты іс бойынша тергеушіге болжам құруға мүмкіндік береді. Оларды құру кезінде практиканы зерттеу негізінде криминалистикамен нақты тергеулік жағдайларды ескере отырып өңделген әдепкі болжамдар қолданылады.

Азаптауларды тергеу кезінде алдына қойылған міндеттерді шешу үшін төмендегідей әдепкі болжамдарды шығару ойға қонымды:

- тергеуші шын мәнінде тергеу барысында заңсыз әдістерге жол берді;
- тергеуші тергеу барысында заңсыз әдістерге жол берген жоқ, әртүрлі себептермен жала жабу орын алған;
- тергеу процесінде арызданушыға қатысты заңсыз әдістер орын алды, бірақта олар нақты осы тергеушімен немесе дұрысын айтса мүлдем тергеушімен жасалмаған.

Аталған болжамдар жеке тергеулік жағдайларға байланысты нақтыланып, толықтырылуы мүмкін.

Сонымен қатар көпэпизодты азаптаулар туралы болжамдар шығарылуы тиіс. Бұл болжамдардың негізі болып күдіктінің жеке басы, қылмыс жасау тәсілдері, қылмыс жасауға себепші жағдайлар туралы жиналған ақпарат, табылады. Тергеудің басынан қылмыстың топпен жасалу мүмкіндігін қарастырып, азғана негіз болған кезде тиісті болжамдарды шығарып, тексеру қажет.

Қылмысқа мүмкін қатысушыларды айқындау – қылмыстың толық ашылуына дейінгі жиналған ақпаратты зерттеу аспектілерінің бірі болып табылады. Топпен жасалған азаптауларға мыналар көрсетеді:

- куә, жәбірленушінің көрсетулері;
- анықталған қатысушылардың көрсетулері;
- оқиға орнын қарап-тексеруден келіп түскен мағұлматтар;
- қылмысты жасау үшін тандалған тәсіл;
- қылмысты жасаудың басқа да жағдайлары;
- басқа да мәліметтер, оның ішінде жедел іздестіру жолымен жиналған.

Қатысушылардың жеке басын анықтау үшін жиналған ақпаратпен бірге қылмыстық байланыс түрлері мен ерекшеліктері туралы криминалистиканың ережелерін қолданып, бұлардың қылмыстарды жасау және жасыру тәсілдерге байланысты екендігін ұмытпау керек.

Осылайша, азаптау туралы істерді тергеу практикасында жоғарыда қарастырылған әдепкі тергеулік жағдайлардың элементтерін әрқиыл біріктіретін жағдайлар жиі туындап, олардың тергеу алгоритмдерінде орын тебетіндігін байқауға болады.

Тергеуші шешім қабылдай отырып, нақты жағдайларға сүйену керек, оны қалыптастырушы деректер жиынтығын бағалап, іс-қимылдардың варианты ретіндегі әдепкі тергеулік жағдайларға қатысты ұсыныстарды қарастыру қажет.

Бастапқы тергеулік жағдайларды талдау және бағалау негізінде тергеу алгоритмі анықталып, оны нәтижелі қолдану оперативтік қызмет

мәліметтерін дұрыс пайдаланудан және бөлек тергеу әрекеттерін тиісті ұйымдастырып, кәсіби жүргізуден байланысты болады.

Тергеудің сапасы мен мерзімі әрқашан тергеушінің өз жұмысын жорпарлап, ұйымдастыруына тікелей байланысты.

*Тергеуді ұйымдастыру* — ол тергеуші қарамағындағы күш-құралдарды оңтайлы таңдап, орналастыру, сот өндірісінің мақсатына жету үшін жағдай жасап, ұтымды қолдану.

Ұйымдастыру және жоспарлау өзара байланысты. Ұйымдастырушылық шаралар тергеуді жоспарының міндеттерінен туындайды. Сол мезетте, ұйымдастырушылық шаралардың өзі жоспарлауды талап еткендіктен, жоспарға енгізіледі. Белгілі дәрежеге дейін ұйымдастырушылық мүмкіндіктерінен тергеу әрекеттерінің мерзімі, ұзақтылығы, бірізділігі тәрізді жоспар элементтері байланысты болады<sup>35</sup>.

Азаптау туралы қылмыстық істердің көлемі, сипаты және күрделілігіне қарай жоспарлар былайша құрылады:

- 1) жалпы іс бойынша,
- 2) бөлек эпизодтар бойынша,
- 3) бөлек күдіктілерге қатысты.

Тергеу практикасына жүгінсек, азаптау істері бойынша тергеудің жазбаша жоспарын құрастыру қажет.

Криминалистика тергеу жұмысы практикасының негізінде жазбаша жоспарлардың кестелі жоспар, жоспар-сызба, «шахматка» жоспары, желілік жоспар сияқты әртүрлі нысандарын дайындады.

Қылмыстық істі тергеп, дәлелдемелерді жинап, тергеуші өз міндетін негізінен әрқилы тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы іске асырады. Тергеу әрекетіне дайындық оны жүргізу тактикасын дұрыс таңдап, ең тиімді жетістікке жету үшін маңызды болып табылады.

Әрине, қандай да бір тергеу әрекетін жүргізу барысы мен шарттары көбіне нақты қылмыстық іс жағдайларымен, тергеудің әртүрлі кезеңдерінде орын алатын тергеулік ситуациямен, тергеу әрекеттеріне қатысушыларды сипаттаушы факторлармен анықталады. Алайда, әрбір тергеу әрекетін дайындап, жоспарлау кезінде шешуге міндетті бірқатар жалпы сұрақтар бар, оларға жататындар:

1. Тергеу әрекетінің мақсаты қандай, оны жүргізу кезінде неге қол жеткізу қажет?
2. Қашан және қандай реттілікпен тергеу әрекетін жүргізу керек?
3. Қайда, қандай жағдайларда тергеу әрекеттерін жүргізу керек?

---

<sup>35</sup> *Ларин А.М.* Расследование по уголовному делу: Планирование, организация. – М.: Юрид. лит., 1970. – 59-б.



4. Тергеу әрекеттеріне қатысушыларды қалай шақыру керек?
5. Тергеу әрекетін жүргізу реті қандай?
6. Тергеу әрекетіне кім қатысу керек, сондай-ақ қандай мамандар қажет болады, оларды қалай шақырады?
7. Тергеу әрекетіне қатысушылар арасындағы міндеттер қалай бөліп таратылады?
8. Тергеу әрекетін жүргізу кезінде қандай материалдар, құжаттар, мәліметтер қажет болады, олар қай жерде болуы мүмкін?
9. Тергеу әрекетін жүргізу кезінде қандай ғылыми-техникалық құрал-саймандар қажет, оларды қолдану қалай ұйымдастырылады?
10. Жоспарланған тергеу әрекетін жүргізу кезінде немесе нәтижесінде кідірілмес тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін бе, ондайда не істеу керек?

Азаптау туралы қылмыстық істердің күрделілігіне байланысты тергеу әрекеттерінің жазбаша жоспарын құру ойға қонымды, әйтседе ондай сұрақты тергеуші әрбір нақты жағдайда өзі шешеді.

Тергеуді жоспарлаудың бірқатар криминалистикалық элементтеріне жүргізілген талдау түбегейлі емес. Бізбен тек әдепкі сипаттағы азаптауларды ашу және тергеу барысында құқық қорғау органдарының тергеу-жедел қызметкерлерімен тиісті шешім қабылдауда бағдар беретін кейбір аспектілер ғана қарастырылды.

## **2.2. АЗАПТАУЛАРДЫ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ ӘДЕПКІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ (АЛГОРИТМДЕРІ)**

Азаптауларды тергеу практикасын талдау қылмыс жасаған адам туралы дәлелдемелік ақпарат алуға бағытталған тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларының кешені әдетте, бастапқы кезеңде жүргізілетінін байқатты.

Тергеулік жағдай мінездемесі әрқашан қылмыстық іс бойынша істелінген жұмыстың нәтижесін көрсетіп, бірақта тергеудің келешегін ашпаса, онда тергеу кезіндегі бастапқы тергеу әрекеттері ұйғарымдардан тұрады. Мұндай ұйғарымда орын алған тергеулік жағдай және болуы мүмкін өзгерістер ескерілген жоспарлы шаралар немесе қылмыстық іс бойынша үнемі қозғалыстағы жұмыс тәртібі орын алады. Сондықтан да шын мәнінде тергеулік жағдай қылмысты тергеу алгоритмін дайындауда түпнұсқалы қағидат болып табылады.

Азаптаулар туралы істерді тергеудің негізгі ерекшеліктерінің бірі былайша тұжырымдалады, яғни қылмыстың жасалуын айғақтайтын

мейлінше барлық іздер қызметтік бөлмелерде, көлік құралдарында және т.б. жерлерінде шоғырланып, қылмыс орнының бастапқы жағдайының материалдық құрылымына енеді, ол дегеніміз қылмысты жасасымен пайда болған жағдай. Мұндай ситуация тергеушімен азаптау уақыты, тәсілі, орны, механизімі, субъектісі және басқа да жағдайлар туралы дәлелдемелерді алуға мінсіз қайнар көз ретінде жүреді, оларды анықтау қылмысты толық, жан-жақты және шынайы ашып, тергеуге мүмкіндік береді.

Сондықтан да тергеуші оқиға орнына мейлінше жылдам жетіп, жасалған қылмыс жағдайы мен іздердің бекітілуін, сондай-ақ сол жердің қорғанысын қамтамасыз ету керек.

Алайда, жоғарыда көрсетілген бірқатар объективтік және субъективтік сипаттағы себептерге байланысты қылмыс орнының бастапқы жағдайы тергеуші келгенше өте сирек сақталады, ол өз алдына елеулі түрде тергеу барысы мен нәтижесіне жағымсыз әсер тигізеді.

Сол себептен осы оқу құралының мақсаты – тергеушіге бағдарлама (алгоритм) дайындауға талпыныс, яғни мұндай бағдарлама — ол, қылмысты ашу және тергеу үшін қажетті шынайы ақпарат алуға мүмкіндік беретін әрекеттер және шаралар жүйесі.

Ұсынылып отырған әрекеттер жүйесі тергеуші ынтасынан айырмайды. Керісінше, бұл ұсынылып отырған жүйе тергеушілерден тергеудің қандай да бір міндеттерін орындауда творчестволық көзқарас және бастамашылықты талап етеді. Мұндай көзқарас ғылыми таным және басқару әдістеріне негізделген және барлық қылмыс түрлерінің жалпы заңдылықтарына сүйене отырып алдын ала құрастырылған тергеудің типтік бағдарламасымен байқалады. Осылар арқылы тергеу процесіне қатысушылар қызметін типтендіру мүмкіндігі туралы айта аламыз, яғни:

- қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдардың тұрақтылығы, оның ішінде тергеу процесіне қатысушылар әрекеттесетін көріністердегі дәлелдеу заты мен жағдайлардың қайталанушылығы;

- кінәлінің іс-қимылдары мен қылмыстық нәтиже арасындағы заңды байланыс;

- қылмысты жасау тәсілі мен оның іздерінің арасындағы заңды байланыс;

- қылмысты жасау тәсілі мен оның нақты жағдайларда пайдалануымен шартталған деректердің арасындағы заңды байланыс.

Сонымен қатар, тергеудің жалпы және жеке заңдылықтарының болуы осындай санаттағы қылмыстарды ашу және тергеу бойынша тергеушінің қызметін типтендіру мүмкіндігімен қатар, осы қылмыс түрін ашу және тергеу бағдарламасын (алгоритмін) құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл

бағдарламада тергеу әрекеттері мен шаралар дәлме-дәл кезең-кезеңмен суреттеліп, қатаң тәртіп сақтау негізінде іске асырылады<sup>36</sup>.

Азаптауды ашу және тергеу құрастырылатын жалпы заңдылықтарға жататындар:

- нормативтік базаның тұрақтылығы;
- қылмыс орнында бастапқы жағдайдың, сондай-ақ азаптау жағдайының, тергеу процесіне қатысушылар әрекеттесетін жағдайлардың қайталанушылығы;
- дәлелдеу затының теңдігі (азаптау орны, уақыты, тәсілі, жасау механизмі және іздердің пайда болуы, келтірілген зардап);
- жоғарыда аталған деректер мен жағдаяттардың арасындағы тікелей және кері байланыс.

Жеке заңдылықтарға жататындар:

- қылмыстың материалдық іздерінің пайда болу заңдылығы;
- нақты әрекеттерден дәл сол зардаптардың келуіне тәуелділік.

Азаптауларды жасауда дәл сол заңдылықтардың болуы осындай санаттағы қылмыс түрлерін тергеудің типтік алгоритмін немесе тергеу міндеттерін дәлме-дәл кезең-кезеңмен суреттеу жүйесін, осы міндеттерді шешу құралдарын және тағы басқаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл жерде ұсынылған әрекеттер мен шараларды дәлме-дәл, рет-ретімен, міндетті түрде орындау арқылы тергеуші іс бойынша объективтік шындыққа жете алады.

Кейінгі кезде тергеу үдерісін бағдарламалауды жақтаушы ғалым-криминалистердің қатары көбейіп келеді. Осындай көзқарастардың біріне жүгінсек, тергеу кадрларының елеулі жасаруына қарай, ұжымдық тәжірибені жинақтаушы типтік бағдарламаларды өңдеу кейінгі жылдары өзекті болып отыр»<sup>37</sup>.

Типтік криминалистикалық бағдарламалар (алгоритмдер) болжамдарды тексеру және тергеулік жағдайларға қатысты жалпы және жеке міндеттерін шешу үшін құрастырылады. Жұмыста ұсынылған типтік криминалистикалық бағдарламалар (алгоритмдер) азаптауларды тергеу кезінде орын алатын жалпы тергеулік жағдайларға қатысты құрастырылған.

---

<sup>36</sup> **Зуев Е.И.** Алгоритмизация взаимодействия следователя со сведущими лицами специалистом и экспертом // Проблемы программирования, организации и информационного обеспечения предварительного следствия. – Уфа, 1989. – 33-б.

<sup>37</sup> **Жақулин А.Б.** Особенности методики расследования преступлений, связанных с экономической контрабандой: Дис. ... канд. юрид. наук. – Караганда, 2003. – 83-б.

Бұл бағдарламалар қылмыс субъектісі мәлім, бірақта тергеуден бой тасалады деген тергеулік жағдайда көрінісін тапқан. Мұндай жағдайда тергеудің басты міндеттеріне жататындар:

- қылмыс жасаған адамның нақты тұратын жерін анықтау;
- оның жеке басы, туысқандары және басқа да байланыстар туралы мәліметтер жинау;
- қылмыс куәлары мен қатысушыларын айқындау;
- бой тасалаған адамның қылмыстық қызметі жайлы бар мәліметтерді бекіту және қосымша дәлелдемелерді алу;
- күдіктінің кінәсін, қылмыс себебі мен мақсаттарын дәлелдеу;
- қылмыс жасаған адам өзінің тұрғылықты жерінен жасырынып немесе шетелге кетіп қалғандығы туралы жағдайларды, сондай-ақ қылмыс жасауға итермелеген себеп пен жағдайларды анықтау.

Осындай тергеулік жағдайда қылмыс жасаған адам туралы ақпараттың көлемі әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, шетелдегі адамға қатысты қылмыстық істі тергеуді жоспарлау өзінің ерекшелігімен байқалып, қазақстандық тергеушілердің шетелдік әріптестерімен өзара әрекеттесуді қажет етеді. Тергеуші осындай жеке тергеулік жағдайда қылмыс жасаған адамның қатысуынсыз барлық мүмкін тергеу әрекеттерін жүргізумен қатар, мынадай қажетті әрекеттерді іске асырады:

- қажетті сараптамалар жүргізу;
- куәлардан жауап алу;
- егерде еліміздің аумағында болса, онда қатысушылардан жауап алу;
- күдікті, қатысушылардың жұмыс орнында және тұрғылықты жерінде, іс бойынша шындықты анықтауға қажет заттық дәлелдемелер болуы мүмкін басқа жерлерді тінту жүргізу;
- қылмыс құралы мен басқа да заттар мен құралдарды, сондай-ақ жасырынған немесе шетелдегі адамдарды фотосы арқылы тану үшін ұсыну;
- жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу;
- заттық дәлелдемелерді қарау.

Ғалым-криминалистер қылмыстарды тергеу процесін ұйымдастыруды екі, үш және одан да көп кезеңдерге бөледі. Олардың барысында жалпы міндеттермен қатар, тек әрқайсысына ғана тән нақты міндеттер шешіледі.

Заманауи криминалистика тергеудің үші кезеңін ажыратады: *Бастапқы кезең* (немесе бастапқы тергеу әрекеттерінің және жедел іздестіру шараларының кезеңі) дәлелдемелерді қарқынды іздеу, табу және бекітуді көрсетеді. Дәл осы кезеңде қылмысты ашу бойынша негізгі жұмыс іске асырылады. *Келесі кезеңнің* мазмұнын көлемді және жүйелі әдістемелік дәлелдеу құрайды. *Қорытынды кезең* мыналарды болжайды:

- а) тергеуді аяқтауға қатысты процессуалдық әрекеттер;
- б) күдіктінің немесе оның қорғаушысының өтінішхаты бойынша, қадағалаушы прокурордың нұсқауымен, сот анықтамасымен жүргізілетін қосымша тергеу әрекеттері;
- в) жоғарыда аталған негіздер, сондай-ақ тоқтатылған немесе қысқартылған істер бойынша өндірісті жаңғыртуға қатысты қайталама тергеу әрекеттері;
- г) тергеуді аяқтау үшін қажетті ұйымдастырушылық немесе ұйымдастырушылық-техникалық шаралар<sup>38</sup>.

Алайда, азаптау туралы істерді тергеуге қатысты сатылардың саны мен мазмұны басқаша болады.

Осындай санаттағы істер бойынша жұмысты ұйымдастыруда ең басты рөл алдын ала сатыға тиесілі. *Алдын ала саты* — ол тергеуге негіз және заңды себептің болуы туралы сұрақты шешудің ерекше сатысы. Егерде сотқа дейінгі тергеу жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижесінде басталса, онда азаптау туралы қылмыстық істі тергеудің бұл сатысы болмауы мүмкін.

Кідірілмес тергеу әрекеттерін жүргізуді қамтыған екінші кезең ретінде тергеудің *бастапқы кезеңі* жүреді. Ол өз алдына төмендегідей негізгі міндеттерді шешуге бағытталған: оқиға орнындағы барлық іздер мен құжаттарды жинау, бастапқы қарау және бекіту; куәлар, қылмыс айғақтарынан жауап алу, тінту жүргізу, яғни қылмыс туралы бастапқы ақпараттарды қарқынды іздеу, табу және бекіту.

Тергеуді ары қарай жоспарлау дайындық және бастапқы кезеңдеріндегі жұмысты және алдында шығарылған болжамдарды тексеру нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

Үшінші кезең — ол тергеу процесінің негізгі бөлігі. Бұл кезеңнің ең маңызды міндеттеріне жататындар: қылмысты жасауда кінәліні айқындау және әшкерелеу, адамды күдікті деп тану туралы жариялау, бастапқы кезеңде анықталмаған жағдайларды айқындау.

Азаптауды тергеудің қорытынды кезеңі атқарылған жұмысты талдау және оған баға беруге, шешілмеген міндеттерді анықтауға, қайталама және қосымша тергеу әрекеттерін жүргізуге арналады. Әдетте, төртінші кезең күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы және айыптау актісін жасаумен аяқталады. Кейбір жағдайларда тергеудің төртінші кезеңінің мазмұнына күдікті немесе оның қорғаушысының өтінішхаты және қадағалаушы прокурордың нұсқауымен жүргізілетін қосымша тергеу әрекеттері де енуі мүмкін.

---

<sup>38</sup> *Белкин Р.С.* Курс советской криминалистики. – М.: Изд-во Академии МВД СССР, 1979. – Т. 3. – 259-260-б.

Сотқа дейінгі тергеу нәтижесінде мынадай элементтер анықталады: қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіру; тергеушінің, анықтауды жүзеге асыратын адамның немесе өзге де лауазымды адамның қатысуы; ерекше мақсат және заңсыз әрекеттің болуы.

Осы сұрақтарды шешу үшін төмендегідей тергеу әрекеттерін жүргізу керек:

- арызданушыдан жауап алу;
- оқиға орнын қарау;
- сараптамалар тағайындау;
- куәлардан жауап алу;
- арызданушымен кінәлі болуы мүмкін адамның кездесу жағдайларына қатысты тергеу органындағы, басқа да (уақытша қамау изоляторы, ПБ және т.б.) мекемедегі құжаттарды алу;
- арызданушыға мінездеме сұрату, ол туралы ақпарат жинау;
- күдіктінің қызметтік мәртебесі, оның мінездемесі, қызметтің тексеріс материалдары туралы мәліметтерді сұрату;
- күдіктіден жауап алу.

### **2.3. ІІО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ЖАСАЛҒАН АЗАПТАУ ІСТЕРІ БОЙЫНША ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕГІ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ТАКТИКАСЫ**

**Оқиға орнын қарап-тексеру.** Бұл тергеулік әрекет Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 219-221 баптарымен рәсімделген. Қарап-тексеру әртүрлі заттар мен үй-жайларды, әрқилы құжаттарды, іздерді және өзге де іс үшін маңызы бар материалдық объектілерді табу және анықтау, сондай-ақ азаптауларды жасау жағдайын анықтау және мән-жайларды айқындау мақсатында жүргізіледі.

Қарап-тексерілетін объектілер:

- қызметтік бөлмелер (тергеу кабинеттері, уақытша қамау изоляторы және т.б.);
- азаптау жасалған басқа да бөлмелер мен жергілікті аумақ;
- жәбірленуші тасымалданған көлік құралдары;
- азаптау құралы болуы мүмкін сейфтер, басқа да сақтау орны;
- тінту (алу немесе куәландыру) кезінде алынған қылмыс құралдары;
- қылмыстық қызметті дәлелдейтін құжаттар.

Осындай санаттағы қылмыстық істерді тергеу ерекшелігіне қарай оқиға орнын, басқа да жергілікті жерлерді, азаптау кезінде пайдаланған құралдарды жасырған жерлерді қарау сотқа дейінгі тергеуді іске асырушы тұлғамен жүргізіледі.

Күдікті мәлім болған тергеулік жағдайда барлық кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерінің ішінде оқиға орнын қараудың маңыздылығы елеулі, оның себебі осындай тергеу әрекетін жүргізу нәтижесінде алынған ақпарат тергеулік болжамдар шығарып, оларды пайдалылық жолымен тексеруге, қылмыскер (қылмыскерлер) болуы мүмкін адамдар шеңберін анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай жағдайда шын мәніндегі деректердің мейлінше көп мөлшерін шапшаң айқындау қажет. Осы міндетті орындауға мүмкіндік беретін ең басты құралдардың біріне оқиға орнын қарау жатады. Егерде тергеуші қарамағына дәлелдеу затына енетін барлық жағдайларға қатысы бар маңызды деректер уақытылы және сапалы ұсынылса, қылмыстық істі тергеу тиімді, әрі нәтижелі болады.

Тактикалық жағынан оқиға орнын қарау үш кезеңге бөлінеді: дайындық, жұмыс және қорытынды.

Практикаға жүгінсек, қараудың тиімділігі, осы тергеу әрекетіне дайындық сапасынан, және де оны тыңғылықты жүргізуден байланысты болады. Дәлелдемелік маңызы бар және іздеуде көмек беретін қылмыскердің материалдық іздері қылмыс құралын сақтау орындарынан толыққанды жиналмай қалуы немесе бүлініске ұшырауы – ол тергеушінің кәсіби сауаттылығына байланысты. Сондықтан да тергеушілердің оқиға орнында жұмыс істеуде қолданылатын тактикалық тәсілдерді оқып, үйрену өте маңызды. Қылмыскерлердің қылмыс құралдарындағы, олардың табылған жерлеріндегі, бума үстіндегі іздерін (тапанша қап, құндақ, қағаз, сулы пакет және т.б.) сақтап қалу үшін тергеушілер және мамандар резеңке қолғаппен жұмыс істеу керек, орауыштарды, заттық дәлелдемелердің өзін үстіндегі іздерді жоғалтпайтындай немесе өз іздерін қалдырмайтындай етіп қолға ұстаған жөн.

Тергеушінің оқиға орнына шығарға дейінгі іс-әрекеттері, сол орынға кез келген уақытта, күн демей, түн демей, тез арада баруына жағдай жасау керек. Сол себептен бұл жерде тергеу-оперативтік топтың ұйымдығы және қажетті техникалық-криминалистикалық құралдармен жасақталған тергеу чемоданының дайындығы өте маңызды.

Азаптау дерегі туралы ақпарат келіп түскенде тергеуші не істеу керек:

1) азаптау туралы кім хабарлады, қай жерде, нақты қандай заттар қолданылды, ол заттар қай жерде орналасқан, міне осылар жайлы мейлінше толық ақпарат алу керек;

2) оқиға орнын күзетуді және азаптау қолданған адамдардың немесе ол туралы нақты ақпарат бере алатын адамдардың болуын қамтамасыз ету;

3) қарау жүргізу үшін техникалық құралдардың дайындығын тексеру;

4) тергеу әрекетіне қажетті мамандар, криминалистердің қатысуын қамтамасыз ету;

5) қарау жүргізуге куәгерлер табу және қажет болса, оларды қатыстыру. Бөлмелерді қарау кезінде азаптау фактісі табылған органның өкілі қатысуы тиіс. Құлыптар мен беткіпе құралдарын ашу үшін маман шақырылады. Осылайша ұйымдастырылған қарауға көп уақыт кетпейді.

Оқиға орнына келісімен, тергеуші сол жердегі адамдардан қандай іс-қимылдар олармен жасалды немесе оқиға орнының жағдайына қандай өзгерістер енгізілді, сол жердегі әртүрлі заттар өзара қалай орналасқандығы жайлы тыңғылықты сұрау жүргізеді, яғни осы арқылы осы мезетте қандай іздер жойылды, ал қандайларын, қай жерден табуға болатындығын анықтауға болады. Оқиға орнын қарап-тексеру кезінде тергеушімен материалдық іздер және қылмыс жасаған адамдар жайлы ақпараттарды айқындаудан гөрі, осы тергеу әрекетінің хаттамасын құрастыруға ерекше көңіл аударуы елеулі қателіктердің бірі болып табылады.

Қарау жүргізу кезіндегі тергеушінің осы кемшілігін жою үшін осы тергеу әрекеттері барысында шешілетін барлық нақты міндеттер кешенін айқын көз елестете білу керек<sup>39</sup>. Бұл жерде криминалистермен эзірленген моделдеу әдістерін<sup>40</sup> — қылмысты ашуға қатысты бағдарламалық-мақсаттық және кешендік көзқарастарды<sup>41</sup> шебер қолдану тергеушіге міндет.

Оқиға орнын қараудың жұмыс кезеңін криминалистер үш сатыға ажыратады: шолу, статикалық және динамикалық.

Оқиға орнын қарауды бастай отырып, тергеуші қылмыстың материалдық іздерді және қолда бар заттарды зерттеу негізінде болғанның мейлінше толық көрінісін қайта жаңғыртып, қылмыс және оны жасаушылар туралы максималды ақпарат алуға талпынуы қажет. Қылмыскер жеке басының қасиеттерін ойда қалдырушы іздерді анықтау мақсатында моделдеу әдісінің көмегімен қылмыс субъектісінің, оның азаптау кезінде пайдаланған дағдылары мен икемінің, қылмыстық қызметі және пайдаланған құралдарының (кісен, газқағар және т.б.), қылмыс іздерін бейнелеу механизмінің логикалық кейпін құрастырған жөн.

Шолу сатысында тергеуші өзінің бақылауымен алынған мәліметтерін жәбірленуші, куә немесе күдіктілердің оқиға орнында не істеп, қандай

<sup>39</sup> *Виницкий Л.В.* Осмотр места происшествия: Учеб. пос. – Караганда: КВШ МВД СССР, 1986. – 36-48-б.

<sup>40</sup> *Кондратьев И.В.* Моделирование при расследовании преступлений: Дис. ... канд. юрид. наук. – Караганда, 2000. – 25-47-б.

<sup>41</sup> *Густов Г.А.* Программно-целевой метод организации раскрытия убийств: Учеб. пос. – СПб., 1993.



өзгерістер енгізгендігі және тағы басқалар жайлы көрсетулерін салыстырады. Осы сұрақтарды анықтау арқылы қылмыс құралын жасырған қылмыскердің іс-қимылдарының дәл моделін құрастыруға және қан, сілекей, шаш, талшықтар сияқты материалдық іздер болуы мүмкін жер учаскелерін анықтау болады. Іздер және микроіздерді қай жерден іздеу керек екендігін білетін болсақ, оларды жылдам табуды ұйымдастыру мүмкіндігі бар.

Қараудың аталған сатысы шолу арқылы суретке түсіру және оқиға орнын зерттеу жоспарын құрастырумен аяқталады.

Оқиға орнын қараудың жұмыс кезеңінің келесі сатылары — статикалық және динамикалық — олар криминалистикалық тактика ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Заттық дәлелдемелер болуы мүмкін барлық табылған іздер мен заттар қаралып, бекітіліп және алыну керек. Алу тәсілдері іздер мен заттарды сол күйінде сақталуына және сол күйінде алу мүмкін болмаған жағдайда, ол объектілердің көшірмесін алуға, үлгілеуге бағытталады.

Қылмыстың қосымша іздерін табу, заттық дәлелдемелерді зерттеу, қажетті ақпаратты іздеу, яғни тергеудің нәтижелі болуына маман және криминалистердің көмегін кеңінен қолдану көмек береді. Оқиға орнын қарау хаттамасын құруға және оның нәтижелерін бекітуге ерекше көңіл аудару керек<sup>42</sup>. Оқиға орнын қарау кезінде анықталған қылмыс және қылмыскер іздерін, сондай-ақ басқа да қайнар көздерді талдау тергеушіге қосымша тергеулік және жедел іздестірушілік болжамдарды шығарып, тергеуді мақсатты жүргізуге мүмкіндік береді.

Заттар мен құжаттарды қарай отырып, тергеуші әрбір затты толыққанды суреттейді, яғни заттың атауы, оның қалпы, өлшемі, салмағы, заттағы жазулар, боямасы, ерекшеліктері, инвентарлық нөмірі, зат жағдай (егерде ол бөлшектенген болса) көрсетіледі.

Дәлелдемелердің ең ақпаратқа толы қайнар көзіне *жәбірленушіден жауап алу* жататындығы сөзсіз.

Дәл осы жәбірленушіден алынған ақпаратты біз сотқа дейінгі тергеу кезінде дәлелдейміз немесе жоққа шығарамыз. Сол себептен жәбірленушіден жауап алуға байыппен қараған жөн. Одан орын алған оқиға туралы барынша нақты түсінік алуға болады.

Бұл тергеу әрекеті Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 208-214 баптарымен реттелген.

---

<sup>42</sup> Осмотр места происшествия: Справочная книга криминалиста / Под ред. Н.А. Селиванова. – М.: НОРМА, 2001.

Жауап алу кезінде жауап берушінің тәндік және эмоционалдық жағдайы ескеріліп, қосымша қауіп төндіру және қайта зақым келтіруден аулақ болу керек..

Жауап алуға дайындық өзара байланысты екі элементтен тұрады:

1) ұйымдастырушылық, мақсатты криминалистикалық ұсыныстарды пайдалану жағдайларын қамтамасыз етуші шаралар кешені;

2) тактикалық, криминалистикамен ұсынылған әдіс-тәсілдерді қолдануға негізделген.

Жауап алу жоспарында шешілетін міндеттер орын алады: қолданыстағы ақпарат, алдағы жауап алудың ойша моделінен туындаған сұрақтар тізімі, қолданылуы мүмкін тактикалық тәсілдер. Жауап алынушының жеке басы ерекше көңілді талап етеді, өйткені жеке басының мінездемесін айқындау жауап алу кезінде шындықты жасыру, жала жабу, өтірік элементтері тәрізді жағдайларды болжауға мүмкіндік береді.

Жәбірленушімен ақпарат беруден бас тарту немесе көрінеу бұрмаланған мәлімет берудің себептері әрүрлі болып, оларға қорқыныш, құқық қорғау органдарына сенімсіздік, пайдакүнемдік және тағы басқалар жатады.

Жәбірленушіден жауап алу кезінде мыналарды айқындау міндетті:

– жәбірленуші туралы мағұлмат (аты-жөні, туған жылы, мекен-жайы, байланыс мәліметтері);

– оқиға орны туралы мәліметтер;

– оқиға уақыты туралы мәліметтер;

– оқиға жағдайлары туралы мәліметтер;

– азаптау қолданған немесе оқиға куәгерлері туралы мәліметтер;

– дене жарақатының бар екендігі және олардың сипаты жайлы мәліметтер;

– медициналық көмек және олармен дене жарақаттарын тіркеу жайлы мәліметтер;

– жәбірленушінің құқық қорғау органдарына шағымдануы және оны қарастыру нәтижесі туралы мәліметтер.

Осы тергеу әрекетін жүргізу кезінде сотқа дейінгі тергеуді іске асырушы адам алынған ақпаратты талдай отырып, төмендегілерді анықтайды:

– азаптауға әкеп соқтырған жағдайларды, сонымен бірге ұстап алу мен қамауға алуды анықтау. Ұстап алуға дейін жәбірленушіні қорқытты ма? Ұстап алу қалай жүргізілді және ұстап алу кезінде оған қандай дене жарақаттары келтірілді? Бұл кезде куәгерлер басы-қасында болды ма?;

– жәбірленуші ұсталған жердің атауын және мекен-жайын анықтау. Ол қанша уақыт ұсталынды?;

– ол бір бөлмеден екіншіге ауыстырылды ма, егерде ауыстырылса, онда кіммен, қайда және қашан ауыстырылғандығын анықтау?

- ұстауға қатысып, азаптауы мүмкін адамдарды айқындау;
- жәбірленуші ұсталған мекеменің тәртібін (режимін) анықтау;
- азаптауды қолдану дерегі анықталады, сондай-ақ ол үшін қандай тәсілдер пайдаланылды, құралдар немесе басқа да заттардың суреттемесі;
- орналасу сызбасы мен ғимарат жайғасымын суреттей отырып, азаптаулар жасалған бөлмелердің ерекшелігі анықталады;
- жәбірленуші сексуалдық күш көрсетуге ұшырады ма?
- мүмкін азаптаулар кезіндегі дене жарақаттарын;
- азаптау куәгерлерін;
- жәбірленушіге қандай да бір медициналық көмек көрсетілді ме?;
- жәбірленуші өзіне қатысты күш көрсету туралы мекеме басшылығына шағымданды ма?
